

БАХЫТ Е.Б., НЕСИПБЕКОВ Е.Н.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ:
ЕСЕПТЕР ЖИНАҒЫ**

УДК 658.1 (075.8)

ББК 65.053я73

Б55

Баспаға Алматы технологиялық университетінің ғылыми - әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылған 24.01.20. № 3

Пікір жазғандар:

Смагулова Р.У. - э.ғ.к., профессор, Халықаралық Бизнес Университеті Қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі

Оналтаев Д.О. - э.ғ.к., профессор, Алматы Экономика және статистика Академиясының Қаржы кафедрасының меңгерушісі

Джолдасбаева Г.К. - э.ғ.д., профессор, АТУ «Экономика және Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

Б55 Экономикалық талдау: Есептер жинағы / Бахыт Е.Б., Несипбеков Е.Н. – Алматы: «Medet Group» ЖШС., 2020. – 90б.

ISBN 978-601-263-508-9

Жинақта «Экономикалық талдау» пәні бойынша есептер, тесттік тапсырмалар және сұрақтар қарастырылған. Мазмұндалған материал кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың негізгі бөлімдерін үйлестіреді, алған білімдерді жүйелейді және пәнді тереңінен оқытады. Осы жинақ бойынша жұмыс жасау ерекшелігі мазмұны бойынша мәселеге толы іс-тәжірибелік жағдайларды қарастыру болып табылады, бұл білім алушылардың жеке қызығушылығын тереңдете түседі және оны тиісті саладағы маманның күнделікті міндеттерін өз бетімен шешуге жақындатады.

Жинақ 5В050600-Экономика; 5В050800-Есеп және аудит; 5В050900-Қаржы; 5В050700-Менеджмент мамандықтары бойынша жоғары кәсіби білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан студенттерге арналған.

УДК 658.1 (075.8)

ББК 65.053я73

ISBN 978-601-263-508-9

© Бахыт Е.Б., Несипбеков Е.Н. 2020

© «Medet Group» ЖШС., 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1. Кәсіпорынның материалдық ресурстарды қолдануын талдау	6
2. Негізгі қорларды қолдануды талдау	19
3. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын, төлем қабілеттілігін және қызметін басқаруын бағалауды талдау	32
4. Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін талдау.....	48
5. Инвестициялық және инновациялық қызметтің тиімділігін талдау	60
6. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен шаруашылық қызметін кешенді бағалау әдістері.....	71
Қорытынды есеп.....	79
Әдебиет.....	86
Тест жауаптары.....	87

КІРІСПЕ

Экономикалық шынайылық қазіргі маманнан кәсіпкерлік қызметпен қатар жүретін мәселелерді шешуге кешенді тәсілдің тиісті профилін талап етеді.

Кешенді тәсіл басқарудың келесі аспектілерін: экономикалық, психологиялық, экологиялық, ұйымдастырушылық, техникалық және т.б. синхронды түрде өзара байланыстыра қарастыруды білдіреді.

Қазіргі жағдайлар кадрлық жұмыскерлерден стандартты емес жағдайларда негізді әрі жедел шешімдер қабылдау мен сапалы сандық бағалауды талап етеді.

Жинақтың басты мақсаты студенттерге нақты жағдайлардың негізінде өз бетімен жұмыс жасауды ұйымдастыруға көмек беруде көрінеді.

Ұсынылып отырған тапсырмалар профильді маманның нарықтық ортада табысты түрде бейімделуі үшін қажетті, сондай-ақ, талабы жоғары жұмыс берушілердің сұрауларына бейімделген дағдылар мен қабілеттерін дамытады.

Ұсынылған тапсырмалар екі түрге бөлінеді:

– біріншісі - бұл «екеуі бірінде» - студент үшін шынайы түрде өз бетімен жұмыс жасауға жақын жағдайлар жасайтын қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдайтын сандық есептер;

– тапсырмалардың екінші түрі—нақты жауапты талап ететін тесттер (бір немесе бірнеше шынайы тұжырымдар болуы мүмкін). Аудиторияда тесттермен жұмыс жасаған кезде жауаптарға түсініктеме беріп, анық негіздеген жөн.

Әрбір бөлім мәселенің қазіргі жағдайын көрсетіп, оның көзіне назар аударту үшін тапсырмалардың мақсатын қысқаша сипаттаудан басталады.

Жинақ экономикалық мамандықтар бойынша жоғары кәсіби білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан студенттерге арналған.

Белгілеулер мен қысқартулар



–Тәжірибелік жұмыс есептері



–Тесттер

НӨҚ – негізгі өндірістік қорлар

ҚЕ – қаржылық есептілік

НҚ – негізгі құралдар

1. Кәсіпорынның материалдық ресурстарды қолдануын талдау

Талдаудың осы түр дайындалатын өнімнің өзіндік құнын төмендету үшін шығындарды оңтайландыруға арналған. Материалдық ресурстарды қолдануға кешенді тәсіл барлық негізгі көрсеткіштердің (материал сыйымдылығы; материал қайтарымы; материалдық шығындар сомасы және шығарылатын өнімнің көлемі) өзара тұтас байланысын қарастырады. Материалдық ресурстарды қолдануды талдау үшін ақпарат көздері болып материалдық-техникалық жабдықтау жоспары; шикізатты жеткізу шарттары, өтінімдер; материалдық ресурстардың болуы мен оларды қолдану туралы статистикалық есеп формалары; материалдық ресурстардың келіп түсуі, шығындалуы және қалдықтары туралы аналитикалық бухгалтерлік есеп мәліметтері табылады.



Есеп 1.1

1. Бухгалтериядан алынған деректердің негізінде (1-кесте) материалдық шығындар мен тауарлық өнім динамикасының абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштерін анықтау керек.

2. Материалдық ресурстарды қолдану көрсеткішін есептеп шығару.

3. Жүргізілген талдау бойынша логикалық қорытындылар жасау, материалдық шығындар мен тауарлы өнім көлемі арасындағы өзара байланысты түсіндіру.

1-кесте

Көрсеткіштер	Базисті кезең соңына	Есепті кезең соңына
1. Материалдық шығындар (мың тг)	5 380	3 054
2. Тауарлы өнім көлемі(мың тг)	11 530	12 200

Шешім нәтижелерін 2-кестеге жазу керек.

2-кесте

Көрсеткіштер	Базисті кезең сонына	Есепті кезең сонына	Өзгерістер	
			Абсолютті, мың тг	Салыстырмалы, %
1. Материалдық шығындар (мың тг)				
2. Тауарлы өнім көлемі (мың тг)				
3. Материал қайтарымы				



Есеп 1.2

1. Бухгалтериядан алынған деректердің негізінде (3-кесте) материалдық шығындар шамалары ментауарлы өнім көлеміне материал қайтарымын талдау. Интегралды әдіс пен тізбектеп қою әдісін қолдана отырып орындау керек.

3-кесте

Көрсеткіштер	Базисті кезең сонына	Есепті кезең сонына
1. Тауарлы өнім көлемі (мың теңге)	11 530	12 200
2. Материалдық шығындар (мың теңге)	5 380	3 054

Есептеулер нәтижелерін 4-кестеге жазу керек.

4-кесте

Көрсеткіштер	Тауарлы өнім көлемін өзгерту, мың тг	
	Интегралды әдіс	Тізбектеп қою әдісі
Тауарлы өнімнің жалпы өзгеруі		
Тауарлы өнімнің материалдық шығындар динамикасы есебінен өзгеруі		
Тауарлы өнімнің материал қайтарымы есебінен өзгеруі		

2. Жүргізілген талдау бойынша қорытынды жасау.

Есеп 1.3

1. Бухгалтерия берген деректердің негізінде (5-кесте) өткізілетін өнімнің жоспарлы көлемін анықтау керек.

2. Өнімнің айналымдылық көрсеткішін арттыру бойынша ұсыныстар жасау.

Арнайы киімді тігетін цех өнімінің жылдық шығарылымы бойынша статистикалық есептілікте натуралды түрде келесіде көрсеткіштер көрсетілген.

5-кесте

Бұйымның атауы	Саны (дана)	Бір бірліктің көтерме бағасы (тг)
Медициналық халаттар	4 500	1 000
Комбинезондар	6 300	15 000
Жартылай комбинезондар	5 000	12 000
Сигналды арнайы жинақ	4 000	9 000

Қоймадағы дайын өнімнің қалдықтары бойынша деректер:

- жоспарлы кезеңнің басына - 26 700 000 тг;

- жылдың соңына - 38 600 200 тгг

- сонымен қатар, 12 600 000 тг төлем алынбай тиелген өнім есептелген.

Есеп 1.4

1. 6-кестедегі деректер негізінде жетіспейтін көрсеткіштерді есептеп, толтыру.

2. Шаруашылық айналымнан босатылған құралдар сомасы мен бір жылдағы көрсеткіштер динамикасы туралы қорытындылар жасау.

6-кесте

№	Көрсеткіштер	Базисті мәндері	Есепті кезеңнің мәндері	Өзгерістер (+/-)	
				абсолютті	салыстырмалы, %
1	Айналым активтерінің орташа шамасы (мың тенге)	30 862	37 534		

2	Өнімді өткізуден түскен түсім(мын тенге)	16 126	19 869,6		
3	Күндер саны	360	360	0	-
4	Айналым активтерінің айналым ұзақтығы (күн)				
5	Айналым коэффициенті (айналым саны)				
6	Айналымдағы құралдарды жүктеу коэффициенті				

Есеп 1.5

1. 7-кестеде жетіспейтін деректерді толтыру.

2. Қорлар жағдайының құрылымдық динамикасына талдау жасау, деректердің негізінде салыстырмалы дөңгелек диаграммалар тұрғызу.

3. Қорлардың құрылымын бағалау үшін жинақтау коэффициентін (К) есептеу.

7-кесте

Материалдық айналым құралдары	Кезен басына		Кезен соңына		Кезен ішіндегі өзгерістер (+,-)	
	мын тг	соңына %-да	мын тг	соңына %-да	мын тг	Кезен басына %-да
Шикізат пен материалдар	2150		4125			
Тиелген тауарлар	625		1185			
Аяқталмаған өндіріс	1169		1898			
Дайын өнім	1308		1805			
Болашақ кезендер шығындары	180		264			
Барлық қорлар:						

Есеп 1.6

Болжау кезінде қолданылатын деректердің негізінде (8-кесте) сатылымның нақты және болжамды көлемдерін график түрінде көрсету.

8-кесте

Күні	Сатылымның нақты көлемі, дана	Бағасы, тг	Күні	Сатылымның нақты көлемі, дана	Бағасы, тг
30.10.2016	7 687	970	30.10.2016	7 159	1 100
31.11.2016	7 157	985	31.11.2016	7 756	1 150
30.12.2016	8 982	990	30.12.2016	8 800	1200
31.01.2017	1 129	990	31.01.2017	3 145	1 190
30.02.2017	342	980	30.02.2017	1 324	1 050
31.03.2017	116	970	31.03.2017	1 104	1090
30.04.2017	93	970	30.04.2017	5 550	1 100
31.05.2017	582	980	31.05.2017	5 872	1 100
28.06.2017	3471	980	28.06.2017	3 591	1 125
31.07.2017	3 968	980	31.07.2017	4 063	1 150
30.08.2017	7 050	990	30.08.2017	5 687	1250
30.09.2017	8 675	1 100	30.09.2017	9 003	1350
31.10.2017	3 129	1 200	31.10.2017	8 129	1200
30.11.2017	1 142	1 100	30.11.2017	3 342	1 170
31.12.2017	147	1000	31.12.2017	1550	1 100

 Есеп 1.7

1. 9-кестедегі деректер бойынша пайыздарда есептеу керек:

- жоспар бойынша материалдарды жеткізу шарттарын қамтамасыз ету коэффициенті (*Коп*) мен жеткізілім шарттарын нақты орындау (*Коф*)

2. Жетіспейтін деректерді есептеп шығару және кестеге жазу.

3. Материалдық ресурстар құнының факторлар сызбасы жасау.

9-кесте

Материал	Жоспарлы қажеттілік, т	Ішкі жабын көздері	Сыртқы жабын көздері	Шарттар жасалды, т	Қажеттілікті шарттармен қамтамасыз ету, %	Өнім беруінен келін түсті, т	Шарттардың орындалуы, %
Табакты болат	5800	800	5000	4900		4750	

Профилді болат	4300	300	4000	3830		3650	
Барлығы:							

Есеп 1.8

1. 10-кестенің деректері негізінде кәсіпорын қорларының жағдайы туралы жазбаша қорытынды жасау, қорытындыларды негіздеу.

2. Жетіспейтін деректерді есептеп шығару және кестеге жазу.

10-кесте

Бұйым/материал	Жылдың басындағы қалдық	Жоспар бойынша орташа	Қамтамасыз етілуі	Қорлардың белгіленген нормасы,	Нормадан
Шарикті мойынтіректер	449	8	56	40	
Роликті мойынтіректер	46	2	23	30	
Табакты болат	60	5	12	30	
Профильді болат	32	2	16	30	

Есеп 1.9

10-кестенің шартты деректері бойынша базисті және жоспарлы кезеңдер үшін айналым құралдарын қолдану тиімділігі көрсеткіштерін (рентабельділігі) есептеп шығару. Жетіспейтін деректерді кестеге толтыру.

11-кесте

Көрсеткіш	Шартты белгісі	Базисті кезең	Жоспарлы кезең	Өсуі/азаяуы
Сатудан түскен түсім (өткізу көлемі)(мың теңге)	<i>BP</i>	24850	25920	
Өткізуден түскен пайда (залал) (мың теңге)	<i>Prп</i>	5140	6040	
Бір жылдағы орташа айналым құралдары (мың теңге)	<i>Сок</i>	10080	10100	
Кезеңдегі күндер саны	<i>Д</i>	360	360	

Есеп 1.10

11-кестедегі шартты деректер бойынша (9-есепке) есептеп шығару:

- айналым жылдамдығы $K_{об}$
- айналым құралдарын жүктеу (бекіту) коэффициенті K_3
- үш әдісті қолдана отырып, күндердегі бір айналым ұзақтығы ($O_{Бок}$ - айналым капиталының айналымдылығы).

Шешімді 12-кестеге жазу.

12-кесте

Кезең	1-ші әдіс	2-ші әдіс	3-ші әдіс	Айналым жылдамды-ғы $K_{об} = BP / C_{ок}$	Жүктеу коэффициенті $K_3 = (C_{ок} : BP) K_{об}$
	$O_{Бок} = C_{ок} / (BP : D)$	$O_{Бок} = D / K_{об}$	$O_{Бок} = D / K_3$		
Базисті					
Жоспарлы					

Есеп 1.11

13-кестедегі деректер бойынша үш тәсілмен айналым құралдарының салыстырмалы үнемділігін есептеп шығару керек. Жетіспейтін деректерді кестеге жазу.

13-кесте

Көрсеткіш	Шартты белгісі	Базисті кезең	Жоспарлы кезең
Сатудан түскен түсім (өткізу көлемі) (мың теңге)	BP	24850	25920
Өткізуден түскен пайда (залал) (мың теңге)	K_p		
Бір жылдағы орташа айналым құралдары (мың теңге)	$C_{ок}$	10080	10100
Айналым құралдарының	$O_{Бок}$	146	140

айналымдылығы (күндер)			
Айналым коэффициенті	<i>Коб</i>		

1-ші тәсіл: $Эок = (Сок жоспарлы - Сок базисті) \times Кр$

2-ші тәсіл: $Эок = ВРжоспарлы \times (ОБок базисті - ОБок жоспарлы) / 360$

3-ші тәсіл: $Эок = ВРжоспарлы / Коб жоспарлы - ВРжоспарлы / Коб базисті$



Есеп 1.12

1. Есептеу үшін көрсеткіштер толтырылған 14-кестеге жетіспейтін деректерді есептеп, жазу керек.

1. Аналитикалық әдіспен айналым құралдарына жоспарлы қажеттілікті есептеп шығару. *Есептеп шығару үшін қажет формулалар: $Кзпл = Кз баз х (Тоб/100)$; $Сокпл = ВР баз х Твр/100 х Кзпл$*

14-кесте

Көрсеткіш	Шартты белгісі	Базисті кезең	Жоспарлы кезең
Сатудан түскен түсім (өткізу көлемі), мың тг	<i>ВР</i>	24850	
Жоспарлы кезеңде сатудан түскен түсімнің өзгеруі (<i>ОБок базисті/Оок жоспарлы</i>)	<i>Твр</i>	_____	
Бір жылдағы орташа айналым құралдары, мың тг	<i>Сок</i>	10080	
Жүктеу коэффициенті (<i>Сок/ВР</i>)	<i>Кз</i>		
Бір айналымның ұзақтығы (күн)	<i>ОБок</i>	146	140
Бір айналым ұзақтығының өзгеруі (<i>ОБок жоспарлы/ОБок базисті</i>)	<i>Тоб</i>	_____	



1-бөлімнің тесттері

1. Өнімді өндіру мен өткізуге кететін шығындар бес экономикалық элементті қамтиды:

а) материалдықшығындар, еңбекақы шығындары, зерттеу шығындары, ақауды түзетуге кететін шығындар, өзге де шығындар

б) жанама шығындар, еңбекақы шығындары, әлеуметтік жәрдемақы аударымдары, амортизация, тұтыну қорын қалыптастыру аударымдары

с) тікелей шығындар, жанама шығындар, қосымша шығындар, үстеме шығындар, өзге де шығындар

д) тұтыну қорын қалыптастыру аударымдары, тұтыну қорын қалыптастыру аударымдары, амортизация қорын қалыптастыру аударымдары, резервтік қорды қалыптастыру аударымдары

е) материалдық шығындар (қайтару қалдықтарын шегере отырып), еңбекақы шығындары, әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар, амортизация, өзге де шығындар.

2. Тікелей материалдық шығындар құрамына келесі баптарда өнімнің өзіндік құны кіреді:

а) шикізатпен материалдар; қайтару қалдықтары; сатып алу бұйымдары мен бөгде ұйымдардың өндірістік сипатындағы қызметтері

б) көмекші жұмысшылардың еңбекақысы

с) қайтару қалдықтары

д) технологиялық қажеттіліктерге кететін энергия мен жанармай

е) негізгі жұмысшылардың еңбекақысы

3. Материалдық ресурстарды қолданудың жинақтаушы көрсеткіштеріне келесілер жатады:

а) пайдалылығы, рентабельділігі, айналымдылығы;

б) материал қайтарымы, материал сыйымдылығы, материалдарды қолдану коэффициенті;

с) маневрлік коэффициенті, өтімділік коэффициенті, жабдықты жүктеу коэффициенті;

д) қор сыйымдылығы, қор қайтарымы, қор рентабельділігі;

е) өндіріс көлемі мен материалдық шығындардың өсу қарқындарының арақатынасы коэффициенті

4. Осы құндылықты көрсеткіш бір бірлік өнімді өндіруге кететін материалдық шығын қажет екендігін көрсетеді:

- a) материал қайтарымы
- b) рентабельділік
- c) қаржы тетігі (рычаг)
- d) өнімнің материал сыйымдылығы
- e) энергия шығындары

5. Материалдар шығыны нормаларының өзгеруіне әсер ететін факторлар бөлінеді:

- a) экологиялық және технологиялық
- b) синтетикалық және натуралды
- c) техникалық және ұйымдастырушылық
- d) құнды және натуралды
- e) физикалық және психологиялық

6. Материалдардың қайтарымын, яғни, тұтынылған материалдық ресурстарға салынған әрбір теңгеден қанша өнімнің өндірілгендігін сипаттайтын шама:

- a) қор қайтарымы
- b) материал қайтарымы
- c) шығындылық
- d) жиынтық өнім
- e) өзіндік құн

7. Өзіндік құнды төмендету және өнім өндірісінің рентабельділігін арттырудың маңызды резерві:

- a) материалдық шығындарды үнемдеу
- b) өндірілетін өнім көлемін азайту
- c) өндірілетін өнім ассортиментін азайту
- d) энергия шығынын арттыру
- e) өткізу нарығын кеңейту

8. Тауар өнімінің жекелеген түрлерінің өзіндік құнына қамтылатын материалдық шығындардың бір бөлігі жанама шығындар арқылы:

a) шикізатты сатып алу, мамандарды қайта даярлау, әкімшілік шығындар

b) өндірісті дайындау мен менгеруге, жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындар

c) дайын өнім қоймаларын ұстауға, дайын өнімді тасымалдауға

d) кеден декларациясын рәсімдеуге

e) дайын өнімді өткізуге, тасымалдау шығындары

9. Материалдық шығындардың жалпы сомасы келесіге тәуелді:

a) өндірілетін өнім ассортиментіне, жалпы зауыттық шығындарға

b) бір өнім бірлігіне кеткен материалдар саны мен материал бірлігінің орташа бағасына

c) өңір бойынша материалдардың орташа құнына

d) өнім өндірісінің көлеміне, оның құрылымына, жекелеген бұйымдарға кететін үлестік шығындардың өзгеруіне

e) штаттық кесте мен лауазымдық жалақыларға

10. Материал сыйымдылығы үшін кері көрсеткіш болып табылады:

a) қор қайтарымы

b) инфляция индексі

c) қор сыйымдылығы

d) материал қайтарымы

e) қор рентабельділігі

11. Материалдық ресурстарға қажеттілікті жабу көздерімен (жеткізу шарттарымен) қамтамасыз етуді талдау келесі көрсеткіштердің көмегімен жүргізіледі:

a) жабдықты жүктеу коэффициенті, ритмдік (ырғақтық) коэффициенті, аритмдік (ырғақсыздық) коэффициент

b) іскерлік белсенділік коэффициенті, өнім рентабельділігі коэффициенті

c) жоспар бойынша қамтамасыз ету коэффициенті, нақты қамтамасыз ету коэффициенті

d) кәсіпорын персоналымен қамтамасыз ету коэффициенті

e) ағымдағы өтімділік коэффициенті

12. Материалдық шығынды үнемдеу резервтерін атап шығыңыз:
- a) өнім бірлігінің материал сыйымдылығын төмендету, ресурсты жинақтаушы техниканы, материалдардың прогрессивті түрлерін, инновациялық технологияларды қолдану
 - b) жабдықты жүйелі түрде жөндеу, кадрлық құрамды қайта даярлау, басшылықты ауыстыру
 - c) өнім ассортиментін кезең-кезеңмен ауыстырып отыру
 - d) өндірістік үдерістегі материалдық ресурстардың жоғалуын қысқарту
 - e) негізгі өндірістік жұмысшылардың еңбекақысын төмендету
13. Қорларды тиімді басқару келесіге мүмкіндік береді:
- a) капиталдың айналымдылығын баяулату
 - b) капиталдың айналымдылығын жылдамдату
 - c) капитал рентабельділігін арттыру
 - d) капиталдың табыстылығын төмендету
 - e) қорларды сақтауға кететін шығындарды арттыру
14. Қорларды сауатты түрде басқару келесіге ықпал етеді:
- a) қорларға қызмет көрсету бойынша шығындарды минимизациялау
 - b) қорларға қызмет көрсету бойынша шығындарды максимизациялау
 - c) қорлардың қозғалуына бақылау жасауды қамтамасыз ету
 - d) қорлардың құрылымын оңтайландыру
 - e) қорлардың өлшемдерін оңтайландыру
15. Қойма қорлары бөлінеді:
- a) сыртқы және ішкі
 - b) нормаланатын және нормаланбайтын
 - c) ағымдағы, маусымдық және сақтандыру
 - d) меншікті және сақтауға қабылданған
 - e) инвентарлық және инвентарлық емес
16. Материалдық ресурстарды оңтайлы қолдану келесіге әкеледі:
- a) өнімнің өзіндік құнының төмендеуіне

- b) кәсіпорын құрылымының өзгеруіне
- c) кәсіпорын табыстылығының төмендеуіне
- d) инвестициялық портфель құрылымының өзгеруіне
- e) өнімнің өзіндік құнының артуына

17. Материалдық ресурстарды қолданудың экономикалық талдау міндеттері болып табылады:

- a) материалдық ресурстарды қолдану көрсеткіштері бойынша динамика мен жоспарды орындау сипаттамасы;
- b) қормен қарулануын анықтау
- c) жоспардың деректеріне немесе алдыңғы кезеңдегі деректерге байланысты материалдарды қолданудың нақты көрсеткіштерінің ауытқуына әсер ететін факторлар жүйесін анықтау
- d) кадрлар ағынын есептеу
- e) кәсіпорынның материалдық ресурстарға қажеттілігін бағалау

18. Материалдық ресурстардың келіп түсудің сыртқы көздеріне келесілер жатады:

- a) екінші ретті шикізатты қолдану
- b) жасасқан шарттарға сәйкес жеткізушілерден келіп түсу
- c) ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізу
- d) шикізат қалдықтарының қысқаруы
- e) материалдар мен жартылай фабрикаттарды өз бетімен дайындау

19. Өнімнің үздіксіз өндірісі, шарттар бойынша қызметтер көрсету мен жұмыстарды орындау үшін қажетті материалдық құндылықтар мен ресурстық потенциал бұл:

- a) білдектер, машиналар, өндірістік жабдық
- b) цехқа қайтару және толық қайта өңдеу үшін арналған екінші ретті шикізат
- c) патенттер, лицензиялар, компьютерлік бағдарламалар, жаңа технологиялар, авторлық құқықтар
- d) материалдық ресурстар
- e) жеткізушілермен, мердігерлермен, әлеуетті өнім тұтынушыларымен жасасқан шарттар

2. Негізгі қорларды қолдануды талдау

Негізгі өндірістік қорларды (НӨҚ) қолдануды талдаудың негізгі арналымы – ұтымды қолдану үшін кәсіпорын резервтерін анықтау. НӨҚ-ны қолдануды сипаттау үшін жинақтаушы және жеке көрсеткіштер топтары қолданылады. Жинақтаушыкөрсеткіштер халық шаруашылығының барлық деңгейлері үшін – кәсіпорындар, салалар және т.б. үшін негізгі қорларды қолдануды сипаттау үшін қолданылады. Жеке көрсеткіштер нақты кәсіпорынды немесе оның бөлімшелерін талдау үшін қолданылады. Жеке көрсеткіштер өз кезегінде НӨҚ-ны экстенсивті және интенсивті қолдану көрсеткіштеріне бөлінеді. Талдауды жүргізу үшін деректер көздері болып келесілер табылады: кәсіпорынның бизнес-жоспары; техникалық даму жоспары; «Бухгалтерлік теңгерім» ҚЕ №1 нысаны, теңгерімге қосымшалар: «НҚ болуы және қозғалысы туралы есеп», «Амортизациялық мүлік»; НҚ-ды қайта бағалау мен есептен шығару туралы деректер; жобалық-сметалық және техникалық құжаттама.

Есеп 2.1

1. 15-кестедегі деректердің негізінде жетіспейтін мәндерді есептеп, толтырыңыз.

2. Факторлардың қор қайтарымы көрсеткішіне әсерін есептеп шығарыңыз (дайындалған өнім көлемінің әсері, НҚ-дың активті бөлігінің меншікті үлесінің, негізгі қорлардың активті бөлігінің орташа жылдық құнының).

3. Кәсіпорынның негізгі қорларын қолдану көрсеткіштерінің динамикасы туралы қорытындылар жасаңыз.

15-кесте

Көрсеткіштер	Жоспарлы мәндер	Нақты мәндер	Абсолютті ауытқу (+/-)
Өндірілген өнім көлемі, дана	145 000	196 000	
Бір бірлік бағасы, (мың теңге)	12	15	
Негізгі өндірістік құралдардың орташа жылдық құны, мың тг	61 000	75 000	

Қор қайтарымы			
Қор сыйымдылығы			
Негізгі қорлардың активті бөлігінің орташа жылдық құны (мың тенге)	42 000	46 000	
Қорлардың активті бөлігінің қор қайтарымы			
Негізгі құралдардың активті бөлігінің меншікті үлесі, %			

➤ Есеп 2.2

1. 16-кестенің деректері негізінде жетіспейтін мәндерді есептеп шығару және толтыру.

2. Тізбектеп қою әдісімен факторлық талдау (негізгі құралдардың орташа құны мен қор қайтарымының өнімді шығаруға әсері) жүргізу керек.

3. Қорытындылар жасау.

16-кесте

№	Көрсеткіштер	Базалық кезең	Есепті кезең	Абсолютті ауытқу
1	Өнімді шығару, (мың тг)			
2	Негізгі өндірістік құралдардың орташа құны, (мың тг)	800	1050	
3	Қор қайтарымы	1,7		

➤ Есеп 2.3

1. 17-кестенің деректері негізінде есептеңіз:

- күнтізбелік уақытты қолдану коэффициенті ($K_{\text{э}}$);
- жабдықты интенсивті қолдану коэффициенті ($K_{\text{и}}$);
- нақты және нормативті өнімділік ($P_{\text{ф}}$ $P_{\text{н}}$);
- жабдықты интегралды жүктеу коэффициенті ($K_{\text{инт}}$)

2. Уақыт пен өнімділік бойынша жабдықтың қанша пайыз қолданылатындығы туралы қорытынды жасаңыз және оны негіздеңіз.

17-кесте

	Көрсеткіштер	Есепті жыл мәндері
1	Өнімнің жиынтық көлемі(мың теңге)	2590
2	Орташа жылдық өндірістік қуаты (мың дана)	2 623
3	Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны (мың теңге)	1 523
4	Бір жыл ішіндегі нақты жұмыс жасалынған уақыт (орташа есеппен бір жабдыкка) (сағат)	3 995
5	Жабдықты жөндеуге кеткен жұмыс уақытының жоспарлы жоғалтулары (режимдік қордағы %)	7
6	Есепті жылдағы демалыс және мейрам күндерінің саны (күндер)	116
7	Күнгізбелік күндер саны	365
8	Ауысым ұзақтығы (екі ауысым, сағ.)	8

 **Есеп 2.4**

1. Төменде келтірілген деректердің негізінде негізгі қорларды қолданудың экстенсивті және интенсивті көрсеткіштерін есептеп шығарыңыз.

- кәсіпорынның өндірістік қуаты – 1700 дана дайын өнім
- жұмыс режимі—2 ауысым, еңбек заңнамасына сәйкес бір ауысымның ұзақтығы - 8 сағат
- өнімді шығарудың жылдық көлемі 1090 дана
- барлық білдектер саны 115 дана
- 1-ші ауысымда жұмыс жасайтын білдектер саны 105
- 2-ші ауысымда жұмыс жасайтын білдектер саны 95
- жылдағы жұмыс күндер саны 248
- бір білдектің нақты жұмыс жасау уақыты 3 537 сағат /жыл

2. Кәсіпорынның қолданылмаған резервтерінің болуы (болмауы) туралы қорытынды жасаңыз. Жауабыңызды негіздеңіз.

 **Есеп 2.5**

1. Төмендегі деректердің негізінде есептеп, 18-кестеге жетіспейтін көрсеткіштерді толтырыңыз:
- жаңару коэффициенті Кобн

- шығып қалу коэффициенті Кв
- өсім коэффициенті Кпр
- тозукоэффициенті Кизн
- жабдықтың жарамдылық коэффициенті К г

2. Есепті жылдағы кәсіпорындағы негізгі құралдардың техникалық жағдайының өзгеруі туралы жазбаша қорытынды жасаңыз.

3. Жабдықтың орташа өсімін есептеп шығарыңыз.

18-кесте

Негізгі құралдар топтары	Кезең басындағы болуы		Есепті кезеңде келіп түскені		Есепті кезеңде шығып қалғаны		Кезең соңындағы болуы	
	мың тг	% үлесі	мың тг	% үлесі	мың тг	% үлесі	мың тг	% үлесі
Ғимараттар	20425		5220		-			
Көтергіштер	1600		450		-			
Білдектер	42655		15900		3900			
Өлшеу аспаптары	1100		365		-			
Есептеу техникасы	2120		1050		298			
Көлік құралдары	3700		1220		1108			
Жалпы НК								

✍ Есеп 2.6

1. 19-кестедегі деректердің негізінде анықтаныз:

- қор қайтарымын,
- қор сыйымдылығын,
- НӨҚ-тың қормен қарулануын.

2. Қай кәсіпорында НӨҚ жақсырақ қолданылатындығын көрсетіңіз және негізденіз.

19-кесте

Көрсеткіштер	Кәсіпорын "Ирбис"	Кәсіпорын "Байт"
Тауар өнімі (мың тг)	61000	42000
НӨҚ-тың орташа жылдық құны (мың тг)	44200	13800

Жұмысшылардың орташа тізімдік саны, адам	880	620
Өнімді өткізуден түскен түсім,мың тг	9998	7100

➤ Есеп 2.7

Келесідей берілген параметрлерде НӨҚ-ты қолданудың техникалық-экономикалық көрсеткіштерін анықтаңыз:

- кәсіпорынның өндірістік қуаты – 15200 мың тг
- бір жылдағы жұмыс күндерінің саны 243 күн,
- нақты жұмыс жасалынды – 247 күн,
- кәсіпорынның нақты өнім шығаруы – 14990 мың тг

➤ Есеп 2.8

1. 20-кестенің деректері бойынша кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметіне диагностика жасаңыз. Жетіспейтін деректерді толтырыңыз.

20-кесте

Көрсеткіштер	Жоспарлы	Нақты	Абсолютті ауытқулар
1. Дайындалған өнім көлемі, мың дана	185	228	
2. Бір бірліктің құны,тг	100	120	
3. Өнеркәсіптік-өндірістік негізгі құралдардың орташа жылдық құны, мың тг	6100	7200	
4. Қор қайтарымыФ _о			
5. Қор сыйымдылығы Ф _е			
6. Машиналар мен жабдықтың орташа жылдық құны, тг	3200	3800	
7. Қорлардың белсенді қорының қор қайтарымыФ _{оа}			
8. Негізгі құралдардың активті бөлігінің меншікті үлесі, %			

➤ Есеп 2.9

Уақыт бойынша жабдықты қолданудың артуы өзге жағдайлар бірдей болған кезде өнімді шығарудың өсуіне әкеледі, мұны келесідей бағалауға болады:

$$\Delta PP = P \times t,$$

Мұнда, ΔPP – кәсіпорын өнімінің өсімі; P – бір білдек-сағат өнімінің көлемі; t – жабдық жұмысының білдек-сағатының артуы

21-кестенің көрсеткіштері негізінде жабдықты қолдануды жақсартқан кезде жиынтық өнімнің (ВП) ықтимал өсімін есептеп шығарыңыз. Жауабын 22-кестеге жазыңыз.

21-кесте

Көрсеткіш	Белгіленуі	Сомасы
Жабдықтың орташа жылдық құны (млн. тг)	$\Delta H\Theta\zeta$	5
Қозғалысқа енгізілген жаңа жабдық (млн.тг)	$\Delta\Phi$	1,5
Базисті кезеңнің жиынтық өнімінің құны	BP_0	15
Жиынтық өнім (білдек-сағат)	P	2800
Жоспардан жоғары тұрып қалулар шамасы (білдек-сағат)	Φ	300

22-кесте

Резерв түрі	Есептеу	ВП-нің өсімі, млн тг
Жаңа жабдықты қозғалысқа енгізу	$\Delta VP = f \times \Delta\Phi$, мұнда f – қор қайтарымы	
Ауысым коэффициентінің 13,3 %-ға артуы	$\Delta VP = BP_0 \times 0,133$	
Жоспардан жоғары тұрып қалулардың себептерін жою	$\Delta VP = P \times \Phi$	
Барлығы		
ВП-нің базисті кезеңнің %-да		

Есеп 2.10

Бастапқы құны 100 мың тг тұратын объект сатып алынды, оның пайдалы қолдану мерзімі 5 жыл. Осы жағдайда амортизацияның жылдық нормасы келесі формула бойынша анықталады:

$N = (2/n) \times 100\% \times 12$, мұндай- айларда көрсетілген болжамды пайдалы қолдану мерзімі

Жылдық амортизация сомасын азаятын қалдық әдісімен есептеңіз (әдістің мәні амортизациялық аударымдар үлесінің жылдың басындағы негізгі қорлардың қалдық құнынан және осы объектіні пайдалы қолдану мерзімінен есептелінген амортизациялық аударымдар нормасынан анықталуында көрінеді). Осы әдісте жою (ликвидациялық) құн қолданылмайды, себебі, негізгі қорлардың объектісі пайдаланудың болжамды кезеңі ішінде өзінің құнын толықтай аударады.

Шешімін 23-кестеге жазыңыз.

23-кесте

Кезең басындағы қалдық құн, тг	Амортизация сомасы, тг	Кезең аяқталған кездегі қалдық құны, тг
100 000	$100\,000 \times 40\% = 40\,000$	$100\,000 - 40\,000 = 60\,000$
		= 0
Барлығы:	100 000	

➤ Есеп 2.11

Төменде келтірілген деректердің негізінде негізгі қорлардың жаңару және шығып қалу коэффициенттерін есептеңіз.

Жылдың басында кәсіпорынның НӨҚ құны 55 млн тг.

Бір жылда енгізілген негізгі қорлардың құны 5 500 мың тг.

Бір жылда негізгі құралдардың құрамынан шығарылған НӨҚ құны 2 800 мың тг.

➤ Есеп 2.12

1. Диаграмма көрсеткіштерінің негізінде анықтаңыз:

- қор қайтарымы;
- қор сыйымдылығы;
- еңбек өнімділігі.

2. Көрсеткіштер динамикасының графигін тұрғызыңыз: қор қайтарымы; қор сыйымдылығы және еңбек өнімділігі.




Диаграмма-1. Өндірістік-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің динамикасы



2-бөлімнің тесттері

1. Негізгі қорларға салынған 1 тг-ге келетін өнімнің көлемі келесі көрсеткішпен сипатталады.

- кор сыйымдылығы
- материал қайтарамы
- қормен қарулануы
- кор қайтарымы
- материал сыйымдылығы

2. Егер жаңа техника мен технологияларды енгізген кезде негізгі қорлардың құны оңтайлы шектерде артатын болса, онда кор қайтарымы келесі жағдайда өседі:

- егер еңбек өнімділігінің өсу қарқындары еңбектің қормен қарулануының өсу қарқындарынан асса
- егер кор қайтарымы кор сыйымдылығына тікелей пропорционалды болса
- егер шығындар пайданың өсуіне пропорционалды артатын болса
- егер еңбектің қормен қарулануының өсу қарқындары еңбек өнімділігінің өсу қарқындарынан асса

е) егер қор қайтарымы қор сыйымдылығына кері пропорционалды болса

3. Қор қайтарымын келесідей көрсеткіштер арқылы есептеуге болады:

- а) таза пайда мен айналым қорларының құны
- б) тауарлы немесе жиынтық өнімнің көлемі мен өндірістік қорлардың орташа жылдық құны
- с) еңбек өнімділігі мен еңбектің қормен қарулануы
- д) жиынтық пайда мен жабдықты жаңарту коэффициенті
- е) жабдықтың жаңарту коэффициенті мен жабдықтың шығып қалу коэффициенті

4. Кеңейте жаңғырту формаларына жатады:

- а) жаңа құрылыс, кәсіпорындарды қайта құрылымдау
- б) еңбектің ескірген формаларын ауыстыру
- с) ребрендинг, кәсіпорынның бірігуі
- д) күрделі жөндеу
- е) кәсіпорынды кеңейту, жабдықты модернизациялау, техникалық қайта қарулану

5. Жаңару коэффициенті сипаттайды:

- а) бір жылда есептен шығарылған негізгі құралдардың бөлігі
- б) бір кезең ішінде сатып алынған жабдық саны
- с) жылдың соңындағы жаңа негізгі құралдардың олардың жалпы құнындағы үлесі
- д) барлық мүліктің құнындағы сатып алынған және жөнделген негізгі құралдардың алатын үлесі
- е) жылдың басындағы олардың құнындағы жылдың соңындағы жаңа негізгі құралдардың алатын үлесі

6. Негізгі құралдардың техникалық жағдайын келесі көрсеткіштер сипаттайды:

- а) Маневрлік және меншік қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенті
- б) шығып қалу және өсу коэффициенті
- с) жарамдылық және тозу коэффициенті
- д) рентабельділік коэффициенті және қормен қарулану

е) қор қайтарымыжәнеқор сыйымдылығы

7. Қарапайым жаңғырту нысандарына (формаларына) жатады:

а) жаңа құрылыс, кәсіпорындарды қайта құрылымдау

б) еңбектің ескірген формаларын ауыстыру

с) ребрендинг, кәсіпорынның бірігуі

д) күрделі жөндеу

е) кәсіпорынды кеңейту, жабдықты модернизациялау, техникалық қайта қарулану

8. Негізгі құралдардың техникалық жағдайын талдау кезінде анықталады:

а) жарамдылық коэффициенті

б) инфляция коэффициенті

с) өсу коэффициенті

д) Альтманның Z-шот көрсеткіші

е) шығып қалу коэффициенті

9. Келіп түскен негізгі құралдар құнының кезең соңындағы негізгі құралдар құнына қатынасы бұл:

а) жаңару коэффициенті

б) жабу коэффициенті

с) тозу коэффициенті

д) өсу коэффициенті

е) шығып қалу коэффициенті

10. Кезең басындағы негізгі құралдар құнының кезең ішінде келіп түскен негізгі құралдардың құнына қатынасы бұл:

а) шығып қалу коэффициенті

б) негізгі құралдарды техникалық қолдау индексі

с) тозу коэффициенті

д) жабу коэффициенті

е) негізгі қорларды жаңарту мерзімі

11. Негізгі құралдарды тиімді және интенсивті қолдануды жинақтап сипаттама беру үшін көрсеткіштер қолданылады:

а) техникалық қарулану деңгейі

б) қор қайтарымы

- c) кор рентабельділігі
- d) техникалық қолдау деңгейі
- a) кор сыйымдылығы

12. Негізгі қорларды қолдануды талдаудың негізгі міндеттері:

- a) кәсіпорынның шикізатпен және материалдармен қамтамасыз етілуін анықтау
- b) кәсіпорынның кадрлық құрамын бағалау
- c) кәсіпорынның негізгі қорлармен қамтамасыз етілуін, олардың техникалық деңгейі мен жағдайын талдау
- d) кадрлардың ағымын талдау
- e) жабдықты қолданудың өнім көлеміне әсерін анықтау

13. Тозу коэффициенті сипатталынады:

- a) өткен кезеңдердегі өндіріс шығындарына есептен шығарылған негізгі қорлар құнының бөлігі
- b) амортизация деңгейімен
- c) жасалынып жатқан өнімге ауыстырылмаған негізгі қорлар құнының бөлігі
- d) есепті кезеңде өндіріс шығындарына есептен шығарылмаған негізгі қорлар құнының өскен бөлігі
- e) кәсіпорынның негізгі қорларының жаңару дәрежесі

14. Жарамдылық коэффициенті сипатталынады:

- f) өткен кезеңдердегі өндіріс шығындарына есептен шығарылған негізгі қорлар құнының бөлігі
- g) амортизация деңгейімен
- h) жасалынып жатқан өнімге ауыстырылмаған негізгі қорлар құнының бөлігі
- i) есепті кезеңде өндіріс шығындарына есептен шығарылмаған негізгі қорлар құнының өскен бөлігі
- j) кәсіпорынның негізгі қорларының жаңару дәрежесі

15. Сонымен қатар, негізгі қорларды жаңартудың екі нысанын (формасын) бөліп көрсету қажет:

- a) меншік және қарыз қаражаттары
- b) мерзімді және жүйелі

- c) жылдық және айлық
- d) экстенсивті және интенсивті
- e) тұрақты және айнымалы

16. Жабдықтың жұмыс жасау уақытының нақты қоры жоспарлыдан ... айрықшаланады:

- a) жоспардан жоғары тұрып қалу шамасына (күні бойы, ауысым бойы, ауысым ішінде)
- b) жоспарлы уақыттың жұмыс уақытын жоспарлы жоғалту шамасына артық болуы (жөндеу, резерв)
- c) жоспарлы уақыттың жұмыс уақытын жоспарлы жоғалту шамасына аз болуы (жөндеу, резерв)
- d) айрықшаланбайды
- e) асыра орындалған жұмыстар көлеміне

17. Жабдықты қолдануды талдау келесіден басталады:

- a) қорлардың жағдайын бағалаудан
- b) кәсіпорынның жабдыкпен қамтамасыз етілуін тексеруден
- c) амортизацияны есептеуден
- d) негізгі өндірістік қорларды түгендеуден
- e) жабдықтың жарамдылық жағдайын тексеруден

18. Қор қайтарымы көрсеткішінің кемшілігі:

- a) Уақыт бойынша өлшенбеуі: бөлімінде белгілі бір кезең ішінде өндірілген өнім көлемі (жыл, тоқсан), ал, алымында әр түрлі қызмет көрсету мерзіміне ие қорлардың құнын көрсетеді, бірақ барлық жағдайларда бір жылдан астам
- b) Негізгі құралдардың құнында өнімнің көлеміне байланысы әлсіз пассивті бөлігі көп бөлігін алады
- c) Қор қайтарымын есептеу кезінде қолданылатын өнім көлемі негізгі құралдардың құнына пропорционалды шама болып табылмайды
- d) Қиын есептелінетін көрсеткіш болып табылады
- e) тұрақты шама болып табылады

19. Өнеркәсіптік-өндірістік негізгі қорлар құрамының өзгеруіне әкелетін негізгі себептерді талдау кезінде келесі деректер қолданылады:

- a) акшалай есептің
- b) кадрлық есептің
- c) синтетикалық есептің
- d) аналитикалық есептің
- e) оперативтік-техникалық есептің

20. Қор қайтарымы келесі көрсеткіштің өзгеруіне тәуелді

- a) Рентабельділік
- b) Жұмыс жасалынған күндер саны
- c) Жабдықтың жұмыс жасау уақыты
- d) Кәсіпорынның орташа сағаттық атқарымы
- e) Негізгі қорлардың активті бөлігінің қор қайтарымы

3. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын, төлем қабілеттілігін және қызметін басқаруын бағалауды талдау

Кәсіпорын қызметін басқаруды бағалау мақсатында ғылым мен тәжірибе қаржылық көрсеткіштер деп аталатын арнайы құралдарды ойлап тапты. Қаржылық көрсеткіштер – бұл қаржылық және экономикалық құбылыстардың микромодельдері. Болып жатқан үдерістердің динамикасы мен карама-қайшылықтарын көрсете отырып, олар өзгеріп, құбылуы мүмкін және өздерінің басты арналымы – қаржылық жағдайдың мәнін өлшеп, бағалаудан алыстауы немесе оған жақындауы мүмкін.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын сыртқы қарыз көздерінен қаржылық тәуелсіздік көрсеткіштері мен қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін меншікті қаражаттардың қажетті шамасының болуы сипаттайды. Қаржылық жағдайдың тұрақтылығы активтер мен пассивтердің жекелеген топтары бойынша меншікті және қарыз қаражаттарының арақатынасы негізінде салыстырмалы және абсолютті көрсеткіштер жүйесімен бағаланады, себебі, мүліктің әрбір түрі өзінің қаржыландыру көзіне ие.

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі теңгерім өтімділігін сипаттау негізінде аныкталады.

Есеп 3.1

1. 24-кестедегі көрсеткіштердің негізінде жетіспейтін деректерді есептеп шығарыңыз және жазыңыз, сонымен қатар, жалпы қаржылық тұрақтылықты сипаттайтын келесідей көрсеткіштерді есептеңіз:

- Автономия коэффициенті K_a

- қарыз капиталының концентрация (жұмылдыру) коэффициенті

$K_{зк}$

- қарыз және меншікті қаражаттардың арақатынасы коэффициенті $K_{з/с}$

24-кесте


Қаражат көздері	Белгіленуі	Кезең басына (мың тг)	Кезең соңына (мың тг)
1. Меншікті капитал, соның ішінде:	СК		
- жарғылық капитал	УК	828	828
- қосымша капитал	ДК	11810	13650
- резервті капитал	РК	192	192
- бөлінбеген пайда	НП	1250	1445
2. Қарыз капиталы, соның ішінде:	ЗК		
- кредиторлық қарыз	КЗ	11728	3100
- қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар	КрК	2700	4300
- ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздар	ДК	0	1000
Барлық қаражаттар көздері:			

2. Есептелінген коэффициенттер мәндерін 25-кестеге жазыңыз.

25-кесте

Көрсеткіштер	Кезең басына	Кезең соңына	Өзгерістер (+/-)
1. K_a			
2. $K_{зк}$			
3. $K_{з/с}$			

3. Есепті кезең басына және соңына меншікті және қарыз капиталы құрылымының дөңгелек диаграммаларын тұрғызыңыз.

 Есеп 3.2

1. 26-кестенің деректері негізінде кәсіпорынның меншікті айналым қаражаттарын есептеңіз.

2. Кестеге жетіспейтін деректерді толтырыңыз.

3. Кезең басына және соңына меншікті айналым қаражаттары мен қорлар динамикасының гистограммасын тұрғызыңыз.

4. Қарастырылып отырған кезеңде орын алған өзгерістер туралы қорытынды жасаңыз.

26-кесте

Көрсеткіштер	Кезең басына (мың тг)	Кезең соңына (мың тг)	Кезең ішіндегі өзгерістер (+, -)	
			мың тг	Кезең басында, %
1. Айналым активтері, соның ішінде:				
- ақша қаражаттары	525	918		
- қысқа мерзімді инвестициялар	310	360		
- дебиторлық берешек	4820	7210		
- қорлар	7100	9230		
2. Қысқа мерзімді пассивтер, соның ішінде:				
- кредиторлық берешек	8820	11625		
- қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар	2550	4298		
3. Меншікті айналым қаражаттары				
4. Айналым активтерінің жалпы сомасындағы меншікті қаражаттардың меншікті үлесі, %				


Есеп 3.3

27-кестенің деректерін қолдана отырып, қаржылық жағдайдың үш компонентті көрсеткішін есептеу әдісі арқылы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына баға беріңіз.

Кестенің жетіспейтін мәндерін есептеп, шешімдерді жазыңыз.

27-кесте

Көрсеткіштер	Кезең басына (мың тг)	Кезең соңына (мың тг)	Кезең ішіндегі өзгерістер (+,-)	
			мың тг	%
1. Меншікті қаражаттар көздері	13175	19997		
2. Айналымнан тыс активтер	12998	18100		
3. Меншікті айналым қаражаттарының болуы (гр.1 -				

гр.2)				
4. ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздар	0	950		
5. Меншікті және ұзақ мерзімді қарыз қаражаттарының болуы (гр.3+ гр. 4)				
6. Қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар	2580	4220		
7. Қорлар мен шығындарды жабуға негізгі қаражат көздерінің жалпы шамасы (гр.5+ гр.6)				
8. Қорлармен шығындар	6200	9420		
9. Қорлар мен шығындарды жабуға меншікті айналым қаражаттарының артықболуы (+), жетіспеуі (-) (гр.3 -гр.8)				
10. Қорлар мен шығындарды жабуға меншікті айналым қаражаттары мен ұзақ мерзімді қарыз қаражаттарының артық болуы (-), жетіспеуі (-) (гр.5 - гр.8)				
11. Қорлар мен шығындарды жабуға қаражаттардың жалпы шамасының артық болуы (+), жетіспеуі (-) (гр.7 -гр.8)				
12. Қаржылық тұрақтылық типінің үш компонентті көрсеткіші				

Есеп 3.4

28-кестенің деректері бойынша:

1. Ұяшықтарда жетіспейтін көрсеткіштерді есептеп толтырыңыз.
2. 2015 - 2017 жылдардағы абсолютті, тез (сыни) және ағымдағы өтімділік коэффициенттерін есептеп шығарыңыз.
3. Қарастырылып отырған кезең ішіндегі өтімділік көрсеткіштері динамикасының диаграммасын тұрғызыңыз.
4. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен оның даму перспективалары туралы қорытынды жасаңыз.


№	Көрсеткіштер	Кезен басына (мың тг)	Кезен соңына (мың тг)	Ауытқу (+, -)
1	Ақша қаражаттары	615	925	
2	Қысқа мерзімді қаржылық салымдар	310	400	
3	Барлық неғұрлым өтімді активтер:			
4	Қысқа мерзімдідебиторлық берешек	5120	7210	
5	Барлық неғұрлым өтімді және жылдам өтетін активтер:			
6	Баяу өтетін активтер (қорлар)	7050	9998	
7	Барлық өтімді активтер:			
8	Қысқа мерзімді қарыз міндеттемелері	11985	16120	
Салыстырмалы өтімділік көрсеткіштері:				
9	Абсолютті өтімділік коэффициенті Кал			
10	Тез (сыни) өтімділік коэффициенті Кбл			
11	Ағымдағы өтімділік коэффициенті Ктл			

Есеп 3.5

2 –диаграммадағы деректер негізінде:

- 2015 - 2017 жылдардағы ағымдық өтімділігін есептеу
- кәсіпорынның 2015 - 2017 жылдардағы төлем қабілеттілігі

туралы қорытындылар жасау




Есеп 3.6

29-кестедегі көрсеткіштердің негізінде ағымдағы өтімділік коэффициентінің жеткілікті деңгейін есептеңіз (жеткілікті деңгейі мен басқа да өтімділік коэффициенттерді есептеуге болады, формуланың бөлімі өзгермейді). Алынған нәтижелерді кестеге жазыңыз. Жүргізілген талдау бойынша жазбаша қорытынды жасаңыз.

29-кесте

№	Көрсеткіштер	Қаржыландыру көзі	Көрсеткіш деңгейі
1	Өткізуден түскен түсім (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) (мың тг)	<i>Қаржылық есептіліктің №2 нысаны (формасы)</i>	35382
2	Өткізілген өнімнің өзіндік құны (мың тг)	<i>Қаржылық есептіліктің №2 нысаны (формасы)</i>	29721
2.1	Материалдық шығындар (мың тг)	<i>Басқару есебінің деректері</i>	19325
3	Талданып отырған кезеңдегі күндер саны (күндер)	-----	360
4	Бір күндегі материал шығыны (мың тг)	<i>Есептеу (2.1қатар/3қатар)</i>	
5	Материалдық айналым қаражаттарының жеткілікті қоры (күндер)	<i>Сараптамалық әдіс</i>	40
6	Материалдық айналым қаражаттарына жеткілікті қажеттілік (мың тг)	<i>Есептеу(4қатар×5 қатар)</i>	
7	Материалдық айналым қаражаттарының нақты орташа қалдықтары (мың тг)	<i>Қаржылық есептіліктің №1 нысаны (формасы) деректері бойынша есептеу</i>	8102
8	Үмітсіз дебиторлық берешек (мың тг)	<i>Сараптамалық әдіс</i>	45
9	Қысқа мерзімді орташа қалдықтар (мың тг)	<i>Қаржылық есептіліктің №1 нысаны (формасы) деректері бойынша есептеу</i>	13723
10	Ағымдағы өтімділік коэффициентінің жеткілікті деңгейі	<i>Есептеу (6 қатар+ 8 қатар+ 9 қатар) /9 қатар</i>	



Есеп 3.7

30-кесте көрсеткіштерінің негізінде ағымдағы өтімділік коэффициенті факторларын есептеріңіз және талдаңыз. 30-кестеге есептелінген мәндерді жазыңыз. Есептің шешімін 31-кесте түрінде жазыңыз. Шешу барысында келесі формулаларды қолданыңыз:

- шартты ағымдағы өтімділік коэффициенті

$$K_{тл} * = OA \text{ (кезең басына)} / KP \text{ (кезең соңына)} \text{ (1)}$$

-айналым активтері үшін үлестік қатысу коэффициенті

$$K_{дy}(OA) = (K_{тл}(\text{кезең соңына}) - K_{тл} *) / \Delta OA \text{ (5-қатар бойынша ауытқу 30-кесте)} \text{ (2)}$$

- қысқа мерзімді пассивтер үшін үлестік қатысу коэффициенті

$$K_{дy}(TP) = (K_{тл} * - K_{тл}(\text{кезең басына})) / \Delta TP \text{ (8-қатар бойынша ауытқу 30-кесте)} \text{ (2)}$$

30-кесте

№	Көрсеткіштер	Кезен басына (мың тг)	Кезен соңына (мың тг)	Ауытқу (+, -)
1	Ақша қаражаттары	615	925	
2	Қысқа мерзімді қаржылық салымдар	310	400	
3	Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	5120	7210	
4	Баяу өткізілетін активтер (қорлар)	7050	9998	
5	Барлық айналым активтер (OA):			
6	Қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар	2800	4380	
7	Кредиторлық берешек	8592	12157	
8	Барлық қысқа мерзімді пассивтер (KP):			
9	Ағымдағы өтімділік коэффициенті $K_{тл}$			

31-кесте

№	Факторлар	Есептеу	Факторлардың ықпал ету деңгейі (+, -)
1	Айналым активтерінің өзгеруі:	$Кезең соңына K_{тл} - K_{тл}^*$ (30-кесте + 1 формула)	

		<i>бойынша есептеу)</i>	
1.1	Ақша қаражаттары	<i>1 қатар бойынша (ауытқу 30-кесте) x Кду ТА</i>	
1.2	Қысқа мерзімді қаржылық салымдар	<i>2 қатар бойынша (ауытқу 30-кесте) x Кду ТА</i>	
1.3	Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	<i>3 қатар бойынша (ауытқу 30-кесте) x Кду ТА</i>	
1.4	Қорлар	<i>4 қатар бойынша (ауытқу 30-кесте) x Кду ТА</i>	
2	Қысқа мерзімді пассивтердің өзгеруі	<i>Ктл кезең соңына - Ктл кезең басына (30-кесте)</i>	
2.1	Қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар	<i>6 қатар бойынша (ауытқу 30-кесте) x Кду ТП</i>	
2.2	Кредиторлық берешек	<i>7 қатар бойынша (ауытқу 30-кесте) x Кду ТП</i>	
	Барлығы:		

Есеп 3.8

«Хоргос» АҚ-ның меншікті қаражаттары бір жыл ішінде 800 мың тг-ге артты – 35000 мыңнан 35800 мың тг-ге дейін, меншікті қаражаттарынан басқа қаражат көздерінің сомалары 700 мың тг-ге өсті – 36000 мың тг-ден 36700 мың тг-ге дейін. Есептеп шығарыңыз:

- жылдың басына және аяғына қарыз және тартылған қаражаттардың сомасын;
- жылдың басына және аяғына автономия коэффициенттерін;
- бір жыл ішінде фирманың қаржылық тұрақтылығының артқандығын анықтау, жауапты негіздеу.

Есеп 3.9

1. 32-кестенің көрсеткіштері негізінде қаржылық-шаруашылық қызметке экспресс талдау жасаңыз. Қаржылық тұрақтылық пен төлем қабілеттілікті растау үшін бірінші кезекте жабу коэффициенті (ағымдағы өтімділік коэффициенті) қарастырылады; сосын жалпы активтер сомасындағы айналым қаражаттарының үлесі анықталады; фирманың тәуелсіздік (автономия) және іскерлік белсенділігі

коэффициенті (ұйымның қаражаттары қаншалықты жылдам анықталатындығы) есептелінеді.

2. Есептеулер негізінде фирманың жағдайы қаншалықты қалыпы әрі қаржылық тұрақты екендігіне қорытынды беріңіз.

32-кесте

Актив көрсеткіштері	Сомасы (мың тг)	Пассив көрсеткіштері	Сомасы (мың тг)
НӨҚ	9000	Меншікті капитал	3000
Қорлар	3000	Ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздар	9050
Ақша қаражаттары	6200	Қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар	4150
Дебиторлық берешек	8000	Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	10000
Теңгерім:	26200		26200

Есеп 3.10

«Хоргос» АҚ-ның меншікті қаражаттары бір жылда 600 мың тг-ге азайды– 35000 мың тг-ден 34400 мың тг-ге дейін, меншік қаражаттарынан басқа қаражат көздерінің сомалары 500 мың тг-ге азайды – 36000 мың тг-ден 35500 мың тг-ге дейін. Есептеңіз:

- жылдың басындағы және аяғындағы автономия коэффициенттері.

Есеп 3.11

1. 33-кестеден қажетті деректерді алып, келесілерді есептеңіз:

- кәсіпорынның өтімділігін,
- тез (сыни) өтімділігін,
- абсолютті өтімділігін.

2. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі жағдайын талдай отырып, ықтимал қаржылық қиындықтардың себептерін қарастырыңыз.

33-кесте

Кәсіпорын активтерінің көрсеткіштері	Сумма мың тг	Кәсіпорын активтерінің көрсеткіштері	Сумма мың тг
Айналымнан тыс активтер	16500	Жарғылық капитал	850
Материалдық емес активтер	350	Ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздар	5300
Ақша қаражаттары	615	Жеткізушілер алдындағы берешек	7200
Қысқа мерзімді инвестициялар	310	Қызметкерлердің енбекақысы бойынша берешек	2500
Дебиторлық берешек	5120	Қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар	8100
Қорлар	7050	Салықтар мен алымдар бойынша берешек	950

 Есеп 3.12

34-кестедегі деректер негізінде ұсынылған агрегатталған теңгерімге тігінен және көлденеңнен талдау жасаңыз.

Жетіспейтін деректерді есептеп, кестеге жазыңыз.

34-кесте

Көрсеткіштер	2016, тг	% теңгерім валютасына	2017 ж, тг	% еңгерім валютасына	Ауытқулар (5 бағаны-3 бағаны)
Ақша	124192		759592		
Дебиторлық берешек	1396971		2441005		
Қорлар	1072591		1780068		
Барлық ағымдағы активтер:					
Ұзақ мерзімді активтер	4567962		5878583		
Теңгерім валютасы:					
Ағымдағы міндеттемелер	1600161		1495598		
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	1803665		5128800		
Капитал	3757891		4234850		
Теңгерім валютасы:					



3-бөлім тесттері

1. Қаржылық тұрақтылық пен кәсіпорынның абсолютті типі келесіні білдіреді:

- a) кәсіпорынның банкроттық шегінде тұрғанын
- b) қорлармен шығындар меншікті айналым қаражаттарының, ұзақ мерзімді қарыз көздерінің және қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар есебінен қамтамасыз етіледі
- c) қорлар мен шығындар меншікті айналым қаражаттары мен ұзақ мерзімді қарыз көздерінің есебінен қамтамасыз етіледі
- d) қорлармен шығындар қалыптастыру көздерімен қамтамасыз етілмейді
- e) меншікті айналым қаражаттары шығындар мен қорларды қамтамасыз етеді

2. Міндеттемелерін шегергендегі субъектінің активтері:

- a) активтер
- b) капитал
- c) табыс
- d) шығын
- e) міндеттемелер

3. Трендті талдау

- a) 2 жыл емес, бірнеше жыл ішінде (кем дегенде 5 жыл) салыстыру жүргізілген кездегі көлденең талдау нұсқасы
- b) 5 жылдағы коэффициенттік талдауды анықтау
- c) факторлардың нәтижелілік көрсеткіштер деңгейіне әсерін анықтау
- d) есептіліктің жиынтық көрсеткіштерін орташа жалпы экономикалық деректермен салыстыру
- e) теңгерім құрылымын салыстырған кезде тігінен талдау нұсқасы

4. Факторлардың нәтижелілік көрсеткіштер деңгейіне әсерін анықтау үшін қолданылатын талдау түрі

- a) трендті
- b) тігінен

- c) көлденең
- d) баланстық (теңгерімдік)
- e) факторлық

5. Тігінен талдау әдісі:

a) бірқатар жылдар ішіндегі есептіліктің позицияларын салыстыру

b) бірқатар жылдағы көрсеткіштердің салыстырмалы ауытқуларының базисті жылдағы деңгейге қатысты есептеу

c) теңгерімнің жекелеген баптарының теңгерімнің жалпы нәтижесіндегі меншікті үлесін анықтау

d) қызметтің соңғы нәтижесіне әсер ететін факторларды анықтау

e) пайданы есептеу

6. Жеке көрсеткіштің базисті шамасын нақты шамамен ауыстыру қалай аталады:

a) жиынтықтау (сводка)

b) топтау

c) оперативті зерттеу

d) тізбектеп қою

e) топтау

7. Бір жағдайдан (нұсқадан) басқасына ауысқан кезде сапалық бағалаудың өзгеруінде көрінетін әдіс:

a) тәуекелді сапалық талдау

b) сараптамалық бағалау

c) вариация

d) тәуекелді сандық талдау

e) көлденең талдау

8. Қаржылық ресурстарды тиімді басқару өнері келесі көрсеткіштер арасында оңтайлы арақатынасты анықтауды білдіреді:

a) қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтер

b) меншікті айналым және жалпы капитал

c) ағымдағы активтер мен ағымдағы міндеттемелер

d) қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелер

e) меншікті және қарыз капиталы

9. Меншікті айналым капиталы қалай есептеледі:

- a) меншікті капитал – ұзақ мерзімді активтер
- b) ұзақ мерзімді активтер – қысқа мерзімді активтер
- c) меншікті капитал + ұзақ мерзімді активтер
- d) меншікті капитал – қысқа мерзімді активтер
- e) меншікті капитал + қысқа мерзімді активтер

10. Кәсіпорынның іскерлік белсенділік көрсеткіштеріне жатады:

- a) Өзгеру коэффициенттері
- b) Жанару коэффициенттері
- c) Айналым коэффициенттері
- d) Жарамдылық коэффициенттері
- e) Ауысым коэффициенттері

11. Қаржыландыру коэффициентінің оңтайлы мәні:

- a) 2 : 1
- b) 1 : 2
- c) 2 : 3
- d) 0,5 : 1
- e) 1 : 0,5

12. Тәуелділік коэффициентінің оңтайлы мәні:

- a) 0,4-0,5
- b) 0,4-0,45
- c) 0,3
- d) 0,2
- e) 0,5-0,6

13. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын нығайтуға ықпал ететін негізгі шара:

- a) өнімнің өзіндік құнының төмендеуі
- b) өнім сапасының төмендеуі
- c) өнімді өндіру мен өткізу көлемінің өсуі
- d) өнім сапасының артуы
- e) қорытынды пайданың өсуі

14. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі тәуелді:

- a) теңгерім өтімділігінен

- b) кәсіпорынның меншікті капиталының сақталуынан
- c) айналым қаражаттарын қолдану тиімділігінен
- d) кәсіпорын активтері құрамының өзгеруінен
- e) кәсіпорынның негізгі қорларды қолдану тиімділігінен

15. Теңгерімнің өтімділік көрсеткіштері сипаттайды

- a) кәсіпорынның қысқа мерзімді кредиторлық берешектің қандай бөлігін дереу төлей алатындығы
- b) кәсіпорынның ұзақ мерзімді міндеттемелерінің қандай бөлігін дереу төлей алатындығы
- c) кәсіпорынның ұзақ және қысқа мерзімді несиелердің қандай бөлігін дереу төлей алатындығы
- d) кәсіпорынның қысқа мерзімді несиелердің қандай бөлігін дереу төлей алатындығы
- e) кәсіпорынның ұзақ мерзімді несиелердің қандай бөлігін дереу төлей алатындығы

16. Зерттелініп отырған көрсеткіштердің нақты деңгейінің базалық деңгейден абсолютті және салыстырмалы ауытқуларын анықтау үшін қолданылатын қаржылық талдау тәсілі:

- a) көлденең
- b) факторлық
- c) тігінен
- d) баланстық
- e) индексті

17. Қаржыландыру бұл:

- a) қандай да бір қызметті жүзеге асыру үшін ақша қаражаттарын өтеусіз әрі қайтарусыз негізде әр түрлі нысандарда беру
- b) Қайтару шартында ҚР бюджеттік жүйесінің басқа деңгейіне, жеке немесе заңды тұлғаларға бюджеттік қаражаттары
- c) өтеулі негізде берілетін бюджеттен тыс қорлардың қаражаттары
- d) өтеусіз негізде берілетін бюджеттен тыс қорлардың қаражаттары

е) нарықтық жағдайларда бар қарыз міндеттемелерін жана қарыз міндеттемесімен ауыстыру

18. Өндірістің әр түрлі деңгейлерінде пайдалылықты анықтау мақсатында жиынтық табыс пен жиынтық шығындар арасындағы арақатынасты талдау - бұл:

- a) сезімталдылықты талдау
- b) ортаны талдау
- c) кәсіпорын қызметін талдау
- d) өндіру және өткізу мүмкіндіктерін талдау
- e) шығынсыздықты талдау

19. Маржиналды табыс бұл ...

- a) сатылған тауар бірлігіне келетін табыс
- b) тауардың белгілі бір санын сатқан кезде сатушы алатын акша сомасы
- c) тауардың қосымша бірлігін сатқан кезде сатушы алатын түсімнің өсуі
- d) өзіндік құн мен қосымша салықтарды шегерген кездегі түсім
- e) өзіндік құн мен шығындар арасындағы айырма

20. Барлық салықтарды төлегеннен кейін кәсіпорынның иелігінде қалған пайданың түрі:

- a) өнімді сатудан түскен пайда
- b) салық салынатын пайда
- c) таза пайда
- d) маржиналды пайда
- e) жиынтық пайда

21. Корреляция – бұл:

a) актив бағасының, пайыздық мөлшерлеменің немесе валюта бағамының туынды құралдардың көмегімен өзгеру тәуекелін сақтандыру

b) бұл тәуекелдерді бөлу (әр түрлі салымдар бойынша капитал)

с) нарық қажет ететін өнім немесе үдерістер тиімділігінің сапалық өсуін қамтамасыз ететін енгізілген жаңалық

д) олардың біреуі немесе бірнешеуі басқасының немесе басқаларының өзгеруіне әкелетін екі немесе бірнеше шамалардың өзара байланысы

е) пайда алуға бағытталған салым

4. Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін талдау

Кез келген коммерциялық кәсіпорын қызметінің соңғы мақсаты – барынша жоғары пайда алу. Нәтижесінде экономикалық талдаудың кез-келген түрінің соңғы мақсаты – кәсіпорын барынша жоғары қайтарыммен иеленетін барлық мүлікті қолдану. Қызмет нәтижесі пайда алған жағдайда «+» белгісімен болуы немесе залал орын алған жағдайда «-» белгісімен болуы мүмкін.

Есеп 4.1

1. 35-кестедегі агрегатталған теңгерім фрагментінің деректері негізінде төлем қабілеттілікті қалпына келтіру коэффициентін есептеп шығарыңыз (төлем қабілеттілігін қалпына келтіру кезеңі 6 айға тең деп есептеңіз).

35-кесте

№	Көрсеткіштер (мың тг)	01.01.2017	31.12.2017
1	Ақша қаражаттары	450	800
2	Қысқа мерзімді қаржылық салымдар	150	-
3	Дебиторлық берешек	1100	1050
4	Корлар	2100	2360
5	Негізгі құралдар	1500	1420
6	Ұзақ мерзімді қаржылық салымдар	200	200
7	Қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар	1800	1650
8	Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	1300	1780
9	Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	1100	1100
10	Меншікті капитал	1300	1300

2. Теңгерім құрылымы және 6 ай ішінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігі туралы қорытынды жасаңыз.

Есеп 4.2

1. 36-кесте мен 3-диаграмма (пайда көрсеткіштерінің динамикасы) деректерінің негізінде шегерімдерді (өзіндік құн+кезең шығындары) құраған соманы есептеп шығарыңыз.

2. 36-кесте мен 3-диаграмма (пайда көрсеткіштерінің динамикасы) деректерінің негізінде корпоративтік табыс салығының сомасы мен пайызын есептеңіз және жетіспейтін әрі есептелінген көрсеткіштерді кестеге жазыңыз.

3. Талдау нәтижелерін сипаттаңыз және олардың басқару шешімдерін қабылдауға қалай әсер ететіндігін түсіндіріңіз.

36-кесте

№	Көрсеткіштер	Базисті көрсеткіштер (кезең басына)	Есепті көрсеткіштер (кезең соңына)	Абсолютті өзгерісгер +/-
1	Өнімді сатудан түскен пайда, млн тг	3,58		
2	Салық салғанға дейінгі пайда, млн тг		3,4	
3	Рұқсат етілген шегерімдер (өзіндік құн + кезең шығындары + ҚҚС), млн тг			
4.1	КТС (корпоративті табыс салығы), млн тг			
4.2	КТС (корпоративті табыс салығы), %			
5	Таза пайда, млн тг		2,72	




Диаграмма 3- Пайда көрсеткіштерінің динамикасы (млн тг)

Есеп 4.3

1. 37-кестенің деректерін қолдана отырып, пайданың өзгеру қарқындарын, сату көлемін және капитал шамасын салыстыра отырып, кәсіпорынның экономикалық өсу тұрақтылығына баға беріңіз. Жетіспейтін көрсеткіштерді толықтырыңыз.

2. Негізделген қорытынды жасаңыз және ұсыныстар беріңіз.

37-кесте

№	Экономикалық көрсеткіштер	Базисті кезен (мың тг)	Есепті кезен (мың тг)	Өсу қарқыны, %
1	Жиынтық түсім	36 651	45 342	
2	Салық салғанға дейінгі пайда	3 154	4 536	
3	Активтердің орташа жылдық құны	31 242	39 989	
4	КТС			

Есеп 4.4

38-кестедегі деректерді 2016; 2017 жылдардағы пайданы бөлу құрылымын дөңгелек диаграммалар арқылы пайызда көрсетіңіз. Кестеге жетіспейтін деректерді толтырыңыз.

38-кесте

№	Пайданы бөлу көрсеткіштері	2016 ж, мың тг	2017 ж, мың тг	Пайданың жалпы сомасындағы меншікті үлесі, %
1	Пайда сомасынан төленген салықтар мен алымдар	7 379	6859	
2	Резервтік қорды толтыруға бағытталған пайда қаражаттары	2 400	3 200	
3	Тұтыну қорына бағытталған пайда қаражаттары	6 869	4 973	
4	Бөлінбеген пайда	1 800	1 500	
5	Кәсіпорын пайдасы	18 448	16 532	100

Есеп 4.5

39-кестедегі көрсеткіштер негізінде меншікті капиталы рентабельділігіне факторлық талдау жүргізіңіз (екі факторлы модель).

39-кесте

Көрсеткіштер (мың тг)	Алдыңғы кезең	Есепті кезең	Өзгерістер (+, -)
1. Өнімді өткізуден түскен түсім	24582	32374	
2. Таза пайда	1872	2498	
3. Кәсіпорынның меншік қаражаттарының орташа жылдық сомасы	12659	16995	
Көрсеткіштер %			
4. Таза пайда бойынша сату рентабельділігі			
5. Меншікті капиталдың рентабельділігі			
6. Капитал қайтарымы коэффициенті			

 **Есеп 4.6**

1. 40-кестеге жетіспейтін деректерді толтырыңыз.

40-кесте

Көрсеткіштер	Белгі ленуі	Жоспар	Нақты өткізуге кететін жоспарлы шығындар	Нақты түрде
Өндірістік өзіндік құн	<i>ПС</i>	160360	145121	143972
Өндірістен тыс шығындар	<i>ВПП</i>	132	177	177
Толық өзіндік құн	<i>ПОС</i>			
Өткізуден түскен түсім	<i>ВР</i>	179184	164151	164229
Пайда	<i>ПР</i>			
Рентабельділік, %	<i>РЕ</i>			

2. Барлық факторлардың кәсіпорынның пайда динамикасына жалпы ықпалын анықтау керек, ол үшін келесілер қажет:

- пайда факторының ықпалы; өнім құрылымының ықпалы;
- өндірістік өзіндік құнның ықпалы;
- өндірістен тыс шығындардың ықпалы;
- көтерме бағаның ықпалы; жалпы ықпал

Есеп 4.7

1. 41-кестеге жетіспейтін мәндерді есептеп жазыңыз.

2. Кестенің деректері негізінде өнімді өткізуден (қызметтер көрсетуден) түскен табыс пен жиынтық пайда маржасының өзгеруі жиынтық пайдадағы ауытқуға әсерін есептеңіз.

41-кесте

№	Көрсеткіш	Базисті жыл	Есепті жыл	Өзгерістер (+,-)
1	Өнімді өткізуден және қызметтерді көрсетуден түскен табыс, мың тенге	7324,322	11420,161	
2	Жиынтық пайда, мың тенге	1 659,332	2 124,392	
3	Жиынтық пайда маржасы (стр.2 / стр.1)			

Есеп 4.8

1. 42-кестеге жетіспейтін деректерді толтыру керек:

2. 42-кестенің деректері негізінде жоспармен немесе алдыңғы жылмен салыстырғанда келесі факторлардың жиынтық пайданың өзгеруіне ықпалын анықтау керек:

- өткізілген өнімнің өзіндік құны;
- өнім бірлігінің бағасы;
- өткізілген өнім көлемі.

42-кесте

№	Көрсеткіштер	Базисті жыл (мың тг)	Базисті жыл бойынша нақты өткізілген өнімге (мың тг)	Есепті жыл (мың тг)	Жиынтық пайдадағы ауытқу
1	Өнімді өткізуден түскен табыс	7 324,322	9 250,846	11 420,161	
2	Өткізілген өнімнің өзіндік құны	5 664,99			
3	Жиынтық пайда	1 659, 332	1828, 399	2 124,392	

Есеп 4.9

- 43-кестедегі деректер бойынша есепті жылдағы кәсіпорынның таза пайдасы мен жалпы рентабельділігін есептеп шығарыңыз.
- Алынған нәтижелер бойынша қорытындылар жасаңыз.

43-кесте

Көрсеткіштер	Сомасы
1. Өнімді өткізуден, қызметтерді көрсетуден түскен түсім, мың теңге	10120,0
2. Өткізілген өнімнің толық өзіндік құны, мың теңге	8605,0
3. Негізгі емес қызметтен түскен пайда, мың теңге	1740,2
4. Өткізу бойынша шығындар, мың теңге	368,5
5. Негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құны, мың теңге	16090,0
6. Пайдаға салынатын салық, %	20
7. Банктік несиелер бойынша төлем, мың тг	28

Есеп 4.10

4-диаграмманың негізінде кәсіпорынның таза пайдасы мен рентабельділік көрсеткіштерін есептеңіз, корпоративтік табыс салығының 20 % құрайтындығын ескеріңіз. Көрсеткіштер мың тг-де берілген.




Диаграмма-4. Кәсіпорын қызметінің көрсеткіштер динамикасы

Есеп 4.11

Типография келесі деректерге ие (44-кесте).

44-кесте

Көрсеткіштер	2015ж.	2016 ж.	2017 ж.
Өткізілген өнім (мың теңге)	62058,2	65034,6	59890
Өнімнің толық өзіндік құны (мың теңге)	50405,1	53481	5421
Өткізуден түскен таза пайда(мың теңге)			
Өнім рентабельділігі (%)			

1. Өнімді өткізуден түскен пайданы, бұйымдар рентабельділігін есептеңіз, алынған нәтижелерді кестеге жазыңыз.

2. 2015-2017 жылдардағы рентабельділік көрсеткіштері динамикасының кестесін жасаңыз.

Есеп 4.12

1 дананың өзіндік құны 228 тг мен көтерме бағасы 250 тг болатын 5000 дана баспалы басылымды өткізуден түскен пайда мен рентабельділікті анықтау керек. Алынған көрсеткіштерді 45-кестеге жазыңыз.

45-кесте

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Сума
Баспалы басылымның 1 данасының өзіндік құны	теңге	228
Баспалы басылымның көтерме бағасы	теңге	250
Өткізілген даналар саны	дана	5000
Баспалы басылым партиясының өзіндік құны	теңге	
Өткізуден түскен жалпы түсім	теңге	
Пайда	теңге	
Өткізілген өнім рентабельділігі	%	

Есеп 4.13

Жоспар бойынша кәсіпорын жоспарлы жылы 140 мың бірлік дайын өнім шығаруы тиіс. Бір бірліктің көтерме бағасы (ҚҚС-сыз) – 150 ден.бірл. Өткен жылдағы есеп бойынша өндірістік өзіндік құны – 100 ден.бірл. Жоспарлы жылы дайын өнімнің өндірістік өзіндік

құнының төмендеуі 5%-ды құрауы тиіс. Өнімді өткізу шығындары – өндірістік өзіндік құны бойынша өткізілетін өнімнің 2%-ы. Қоймадағы дайын өнім мен жоспарлы жылдың басында тиелген тауарлардың қалдығы – 15000 бірлік, жоспарлы жылдың аяғына – 5000 бірлік.

Тікелей шот әдісімен жоспарлы жылы пайданы есептеу қажет.

Есеп 4.14

Келесі деректер бойынша тауарлы өнімнің 1 теңгесіне кететін шығынды, пайданы, тауарлы өнімнің түсімін анықтау керек:

- толық өзіндік құн 36075,7 тг
- жоспарлы рентабельділік 20%.

Есеп 4.15

Есепті жылы кәсіпорынның дамуын өздігінен қаржыландыру үшін пайданың жеткіліктілік деңгейін бағалау, егер кәсіпорынның тауарлы өнімін өткізуден түскен жалпы түсім 69600 мың тг-ге жету керек болса, ал, өткізілген өнімнің өзіндік құны 52000 мың тг-ден аспайды. Кәсіпорынның пайдасына салынатын салық қойылымы 20%. Өндірісті дамут қорын құруға бағытталған тазап пайданың сомасы 4800 мың тг-ні құрауы тиіс.

Есеп 4.16

Келесі шарттарда бір жыл ішінде өткізілген өнімнің көлемін анықтау керек: жылдың басында өткізілмеген өнімнің нақты қалдықтары 1650 мың тг-ні құрады, жылдың соңында өткізілмеген өнімнің нормативтік қоры – 2000 мың тг, бір жыл ішінде барлығы жиһаз өндірісіне жұмсалынатын 15400 текше м. пиломатериалдар жасалынды және 38500 текше м ДСП жасап шығарылды, олардың 13200 текше м жиһаздың өндірісіне жұмсалынады; 88000 мың тг-ге жиһаз шығарылды, текше м ДСП-ның көтерме бағасы – 1140 тг.

Есеп 4.17

Тауарлы өнімнің көтерме бағасы 7500 мың тг. Тауарлы өнімнің өзіндік құны 6800 мың тг. Өткізуден тыс операциялардан түскен

пайда – 150 мың тг. Жалпы баланстық пайда мен кәсіпорынның негізгі қызметінің өнімін өткізуден түскен пайданы анықтаңыз.



4-бөлім тесттері

1. Жалпы кәсіпорын бойынша өнімді өткізуден түскен пайда өзара тәуелділіктің бірінші деңгейінің төрт факторына тәуелді:

a) өндірілген өнім көлемі, инфляциялық үдерістер, жұмысшылардың біліктілігі, меншік қаражаттарымен қамтамасыз етілуі

b) өндірілген өнім сапасы, өнімді дайындау технологиясы, қормен жарактандыру, кадрлық құрам

c) өнімді өткізу көлемі, тауарлы өнімнің құрылымы, өзіндік құны мен орташа өткізу құнының деңгейі

d) технологиялар деңгейі, жеткізушілермен шарттар, материалдардың орташа бағалары, дайындау үдерісінің ұзақтығы

e) өндірілген өнім көлемі, өнімді өткізу көлемі, қоймадағы қалдықтар, аяқталмаған өндіріс

2. Капиталданған пайда – бұл келесілерге бағытталған таза пайданың бір бөлігі:

a) кәсіпорынның акционерлері мен құрылтайшыларына дивидендтер төлеу;

b) амортизациялық қорды толтыру;

c) әлеуметтік қажеттіліктер;

d) резервтік қорды құру;

e) кәсіпорын активтерінің өсімін қаржыландыру.

3. Жекелеген табыстарды қандай да бір түріне жатқызу критерийлері:

a) кәсіпорын табысының жалпы сомасындағы меншікті үлесі

b) оның кәсіпорынның ұйымдастырушылық және өндірістік құрылымына ықпал ету деңгейі

c) оның кәсіпорынға бастапқыда салынған қаражаттарға пайыздық қатынасы

d) кәсіпорынның барлық мүлкінің сомасына қатысты оның шамасы

е) қызмет пәніне сәйкестік дәрежесі мен кәсіпорынның қаржылық нәтижесіне ықпал ету дәрежесі

4. Рентабельділік кестесін тұрғызудағы басты міндет:

- a) өнімді өндіру көлемін анықтау
- b) шекті шығындарды анықтау
- c) тұрақты шығындарды айнымалы шығындармен салыстыру
- d) шығынсыздық нүктесін анықтау
- e) өнімді өткізу көлемін анықтау

5. Дэвид Соломонның тұжырымдауынан пайда концепциясы (тұжырымдамасы) үш мақсат үшін қажет:

a) қызмет тиімділігін анықтау, іскерлік беделді арттыру және рентабельділікті есептеу

b) салықтарды есептеу, кредиторларды қорғау және оңтайлы инвестициялық саясатты таңдау

c) жасырын резервтерді анықтау, өнімнің өзіндік құнының төмендеуі, жұмыскерді мотивациялау

d) инвесторларды тарту, несиелер мен қарыздар алу

e) менеджерлерді оқыту, есепті саясат пен жарнаманы жасау

6. Өткізуден тыс табыстарға келесілер жатады:

a) есепті жылда анықталған өткен жылдар пайдасы

b) өткізуден түскен табыс

c) бағамдық айырмадан түскен табыс

d) активтерді жалға беруден алынған табыстар

e) активтерді қосымша бағалау сомасы

7. Тұтынатын пайда – бұл келесілерге шығындалатын таза пайданың бөлігі:

f) кәсіпорынның акционерлері мен құрылтайшыларына дивидендтер төлеу

g) амортизациялық қорды толтыру

h) әлеуметтік қажеттіліктер

i) резервтік қорды құру

j) кәсіпорын активтерінің өсімін қаржыландыру

8. Өткізілген өнім бойынша түсім және тікелей өндірістік шығындар арасында айырма:

- a) таза табыс
- b) жиынтық пайда
- c) бөлінбеген табыс
- d) маржиналды пайда
- e) операциялық қызметтен түскен пайда

9. Пайданы жоспарлау әдістеріне келесілер жатады:

- a) тізбектеп қою әдісі
- b) тікелей шот әдісі
- c) операциялық тетік әдісі
- d) эвристикалық әдіс
- e) ми шабуылы әдісі

10. Қаржылық нәтижелерді абсолютті көрсеткіштерге келесілер жатады:

- a) өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен пайда (залал)
- b) ұйымның капитал рентабельділігі
- c) жиынтық активтер рентабельділігі
- d) баланстық (жиынтық) пайда
- e) таза пайда.

11. Қаржылық нәтижелерді талдаудың негізгі міндеттері келесілерді қамтиды:

- a) қар қайтарымы, материал қайтарымы көрсеткіштерін анықтау
- b) интенсивті және экстенсивті көрсеткіштерді талдау
- c) талданатын кезең ішіндегі пайда көрсеткіштері динамикасы мен рентабельділікті бағалау
- d) баланстық пайда құрылымы мен көздерін талдау
- e) әр түрлі рентабельділік көрсеткіштерін арттыру резервтерін анықтау

12. Қаржылық көрсеткіштерді алдын ала талдауда көрінеді:

- a) олардың мәндерін базистік шамалармен салыстыруда

- b) өтімділік көрсеткіштерін есептеуде
- c) кәсіпорынның бастапқы капиталын қалыптастыру фактілерін зерттеуде
- d) жақын болашақта қаржылық көрсеткіштерді болжауға
- e) есепті кезең мен бірқатар жыл ішінде олардың динамикасын зерттеуде

13. Жалпы кәсіпорын бойынша пайда тәуелді келетін неғұрлым маңызды факторларға (бірінші тәртіптегі факторларға) жатады:

- a) тұрып қалулар, айыппұлдар
- b) өнімді өткізу көлемі
- c) тауар өнімін өткізу құрылымы
- d) өндірістің өзіндік құны мен өнімді өткізуден
- e) ақаудан жоғалтулар.

14. Қаржылық нәтижелердің салыстырмалы көрсеткіштеріне жатады:

- a) өнімді (жұмысты, қызметті) өткізуден түскен түсім (залал)
- b) ұйымның капитал рентабельділігі
- c) Жиынтық активтер рентабельділігі
- d) баланстық (жиынтық) пайда
- e) таза пайда.

15. Жалпы кәсіпорын бойынша пайда тәуелді келетін екінші деңгей факторларына келесілер жатады:

- a) тұрып қалулар, айыппұлдар
- b) өнімді өткізу көлемі
- c) тауар өнімін өткізу құрылымы
- d) өндірістің өзіндік құны мен өнімді өткізуден
- e) ақаудан жоғалтулар

16. Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелері сипатталады:

- a) алынған пайда мен рентабельділік деңгейі көрсеткіштерімен
- b) теңгерім өтімділігі көрсеткіштерімен
- c) айналым қаражаттарының айналым көрсеткіштерімен
- d) қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерімен
- e) жанарту мен шығып қалу коэффициенттерімен

5. Инвестициялық және инновациялық қызметтің тиімділігін талдау

Инвестициялық және инновациялық қызмет – ең өзекті және перспективті бағыттар. Жалпы кәсіпкерлік қызметті дамытудың жалғыз жолы – бұл үдерістердің тұрақты амортизациясы мен цифровизациясы, осылай ғана бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге болады.

Инвестициялар әр түрлі формада болуы мүмкін, бұл инвестициялаудың әр түрлі объектілеріне; инвестициялық ресурстарды қалыптастырудың әр түрлі көздерінің болуына; инвестициялау үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері мен басқа да факторларына байланысты. Кешенді талдауда инвестициялар құрылымындағы өзгерістерді анықтаған жөн (меншік және қарыз қаражаттарының қаншалықты онтайлы түрде үйлесетіндігін). Егер қарыз қаражаттарының үлесі арта түссе, онда бұл кәсіпорынның тұрақсыздығына, оның банктер мен басқа да ұйымдарға тәуелділігінің артуына әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, ұйымдағы инновациялық белсенділікті талдау ірі компаниялар үшін тән кең статистикалық деректердің негізінде жүргізіледі. Осындай талдаудың міндетіне ұйым ішінде туындайтын өтінімдер немесе ұсыныстардың сапалық сипаты мен сандық динамикасын бағалау, жаңалықтардың ықтимал және қолданылған нұсқаларының санын талдау және т.б. кіреді.

Есеп 5.1

46-кестедегі деректер негізінде капитал салымын жүзеге асырудың үш мүмкін нұсқасынан неғұрлым тиімді нұсқаны анықтаңыз. Нормативті рентабельділік 30 %, кестеге жетіспейтін деректерді толтырыңыз.

46-кесте

Мүмкін нұсқалар	Күрделі салымдар (мың тг)	Өнімді шығарудың жоспарлы көлемі (дана)	Өнім бірлігінің өзіндік құны (мың тг)	Өнім өндірісінің жылдық көлемінің өзіндік құны (мың тг)
1	4 800	1800	11	
2	6 100	1820	10	
3	8 900	2 000	7,4	

 Есеп 5.2

Кәсіпорын лизинг шартының негізінде 1 800 000 тг тұратын жабдық алды. Лизингтік мүлікті пайдалы қолдану мерзімі 10 жылды құрайды (амортизацияны есептеу әдісі – 3 жылдамдатылған амортизация коэффициентін қолдана отырып, біртекті); шарттың әрекет ету кезеңі 3 жыл, несие бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 15 %; лизинг берушіге комиссиялық сыйақы – жылдық 8 %, ҚҚС мөлшерлемесі 12 %. Лизингтік жарналар аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады. Лизингтік төлемдердің жалпы сомасын есептеп шығарыңыз, алынған көрсеткіштерді 47-кестеге енгізіңіз; 48-кестеде лизингтік жарналарды төлеу кестесін жазыңыз; шешіміңізді түсіндіріңіз.

Есепті шешу бойынша ұсыныстар:

1) Барлық лизингтік мәміле кезеңі ішіндегі амортизациялық аударымдарды есептеп шығарыңыз.

2) Әрбір жыл үшін несиелік ресурстар үшін төлем мен комиссиялық сыйақыны анықтаңыз.

47-кесте. Лизингтік төлемдердің жалпы сомасын есептеп шығару (тг)

Көрсеткіштер	1-ші жыл	2-ші жыл	3-ші жыл	Барлығы
Амортизациялық аударымдар (АА)				
Несие үшін төлем (НТ)				
Комиссиялық сыйақылар (КС)				
ҚҚС-қа барлық сома (АА+НТ+КС)				

ҚКС				
Лизингтік төлем				

48-кесте. Лизингтік жарналарды төлеу кестесі

Кезең	Сомасы
1-ші жыл	
2-ші жыл	
3-ші жыл	
Барлығы	



Есеп 5.3

"Гарант" акционерлік қоғамы шағын тұрмыстық техника шығарады және әрбіреуі ай сайын 300000 тг пайда әкелетін екі бөлшек сауда дүкені бар. Басшысы жалға тағы бір дүкен алуды жоспарлап отыр. Дүкенді жалға алу тендеріне қатысу үшін 50000 тг төлем жасалынды. Дүкен үшін ай сайынғы жалгерлік төлем 150000 тг-ні құрайды. Оны ашу үшін 150000 тг-ге тағы бір сауда жабдығын сатып алу қажет. Сонымен қатар, дүкеннің келесідей шығындарының болатындығы жоспарланып отыр:

- дүкен жұмыскерлерінің еңбекақысы 250000тг;
- коммуналдық төлемдер80000тг;
- көлік шығындары 160000тг;
- салықтар мен алымдар 100000 тг;
- интернет-байланыс қызметтері30000 тг;
- жарнамаға кететін шығындар 15000тг.

Есептеп шығарыңыз:

- жалға алынған дүкеннен бір жыл жұмыс ішінде табыс алынады ма;
- осы жобаның толықтай өтелуі үшін қанша уақыт қажет;
- кәсіпорынға өзінің меншік қаражаттары жетеді ме немесе несие алу қажет болады ма.



Есеп 5.4

Келесі жағдайларда "Фолиант" қоғамының акцияларды сатып алуының орындылығын анықтаныз:

- "Фолиант" АҚ-ның бір акциясынан жыл сайын алынатын дивидендтер сомасы - 2000 тг;
- талап етілетін пайдалылық деңгейі – жылдық 14,2 %;
- акцияның ағымдағы курстық (бағамдық) құны 10000 тг.

Есеп 5.5

Номиналды бағасы 10000 тг және купондық қойылымы 20 % тұратын облигациялар 8000 тг курстық бағада сатып алынды. Срок обращения облигацияның айналу мерзімі 5 жыл.

Анықтау керек:

- жылдық купондық табыс;
- облигация иесі капиталының жыл сайынғы өсімі, соның ішінде – жылдық;
- жиынтық жылдық табыс;
- %-дағы жылдық жиынтық табыстылық.

Есеп 5.6

Инвестициялық жобаның ақша ағыны – бұл барлық есеп айырысу кезеңі үшін анықталатын, жобаны жүзеге асыру кезінде ақшалай түсімдер (ағылып келілер) мен төлемдер (жылыстаулар) уақытына тәуелділік.

Келесідей ақша қаражаттарының таза ағындарымен сипатталатын екі инвестициялық жоба бар (49-кесте, млн.тг). 12% дисконттау қойылымы кезінде дисконтталған өтелу кезеңі тұрғысынан неғұрлым тиімді жобаны анықтаңыз.

49-кесте

Жыл	Жобалар бойынша ақша ағындары	
	"Тегеран" жобасы	"Бағдад" жобасы
0	-1290	- 1400
1	340	340
2	450	450
3	550	650
4	150	350

Есеп 5.7

Диагностикалау жүргізілгеннен кейін өзінің қызмет көрсеткіштерін жақсарту үшін кәсіпорын 25 млн.тг инвестициялауға мүмкіндігі бар. Бөлуге болатын келесідей инвестициялық жобалар қарастырылады (ақша қаражаттары «+» белгісімен, ақша жылыстаулары «-» белгісімен берілген):

"Марс" жобасы (-2; 0,7; 0,8; 1,1);

"Венера" жобасы (-1,9; 0,6; 0,9; 1,2);

"Меркурий" жобасы (-1,7; 0,5; 0,7; 1,9).

Инвестициялар бойынша балама шығындар 12%-ға тең.

Оңтайлы инвестициялық портфельді анықтау керек.

Есеп 5.8

10% жыл сайынғы дисконттау қойылымын ескере отырып, стартаптың өтелу кезеңін есептеп шығарыңыз (400000 \$ салынған). Күтілетін ақша қаражаттарының түсімдері болжамды түрде:

- 1-жыл– 70000 доллар;
- 2-жыл – 150000 доллар;
- 3-жыл және одан кейінгі жылдар –200000 доллардан.

Есеп 5.9

1. $r = 15\%$ пайда нормасында неғұрлым тиімді инвестициялық жобаны таңдау керек; 50-кестеде шарттар берілген.

2. Анықтау керек: NPV, PI, IRR

50-кесте

Жоба	Инвестициялар IC	Жылдар бойынша пайда P (y.e.)			
		P 1	P 2	P 3	P 4
П1	300	90	100	120	150
П2	300	150	120	100	90

Есеп 5.10

Құны 200 млн.тг тұратын бензин құю станциясына инвестициялау жобасының келтірілген таза құнын есептеңіз. Кейінгі

10 жыл ішінде жыл сайынғы болжамд, қарыздан бос түсімдер 140 млн.тг-ні құрайды. 10-шы жылдың соңында инвестор станцияны 300 млн.тг-ге сатуды жоспарлап отыр. Дисконттау қойылымы инвестор үшін минималды табыс деңгейінде қабылданады және жылдың 13 %-ға тең. Талдау нәтижелерін 51-кестеге жазыңыз.

51-кесте

Жыл	Түсімдер мен шығындар баптары	Түсімдер мен шығындар көлемі, млн. тг.	Келтіру индексі	Қазіргі (келтірілген) деңгей, млн.тг
0	Инвестициялар мен активтер	-200	1	-200
1	Жыл сайынғы түсімдер	140		
2	Жыл сайынғы түсімдер	140		
3	Жыл сайынғы түсімдер	140		
4	Жыл сайынғы түсімдер	140		
5	Жыл сайынғы түсімдер	140		
6	Жыл сайынғы түсімдер	140		
7	Жыл сайынғы түсімдер	140		
8	Жыл сайынғы түсімдер	140		
9	Жыл сайынғы түсімдер	140		
10	Жыл сайынғы түсімдер	140		
11	Бензин құю станциясын сатудан түскен түсім	300		
NPV				

Есеп 5.11

Таза пайда көрсеткішін қолдана отырып, инвестицияланған капиталға пайда нормасын есептеп шығарыңыз. Негізгі құралдарға инвестициялар көлемі 800 000 тг. Инвестициялық жобаны қолданудың оңтайлы мерзімі – 5 жыл. Жоба келесі мөлшерлерде жылдық табыс сомаларын алуға мүмкіндік береді: 240 800; 300 400; 270 600; 330 200; 360 000 тг. Бұл ретте амортизацияның жылдық нормасы 10 %-ға тең. Пайдаға салынатын салық – 20 %.

5-бөлім тесттері

1. Үш жақты келісімге негізделген, негізгі құралдарды сатып алуда несиелеудің ерекше формасы:

- a) факторинг
- b) форфейтинг
- c) лизинг
- d) хеджерлеу
- e) диверсификация

2. Ақшалардың болашақ құнын ағымдағы кезеңдегі олардың құнына (ақшаның қазіргі құнына) келтіру әдісі:

- a) несиелеу
- b) аннуитет
- c) капитализация
- d) хеджерлеу
- e) дисконттау

3. Қаржылық инвестицияларға ... салымдар жатады:

- a) акцияларға
- b) жаңа технологияларға
- c) объектілер құрылысына
- d) өнімнің жаңа түрлерін меңгеруге
- e) облигацияларға

4. Жобалардың дисконтталған өтелу мерзімі ... көрсеткіші болып табылады:

- a) жобалардың рентабельділігі
- b) жобалардың өтімділігі
- c) кәсіпорынның меншік құралдарымен камтамасыз етілуі
- d) табыстылықтың ішкі нормасы
- e) жобалар венчурлығы

5. Инвестициялық жобалардың сезімталдылығын талдау келесіні анықтауға мүмкіндік береді:

- a) жобаның неғұрлым тәуекелді параметрлері
- b) несие қабілеттілігі индексі
- c) мүлік өтімділігі
- d) инфляция индексі
- e) бағалы қағаздың номиналды құны

6. Шынайы инвестицияларға келесілерге салымдар жатады:

- a) акцияларға
- b) жаңа технологияларға
- c) объектілер құрылысына
- d) өнімнің жаңа түрлерін меңгеруге
- e) облигацияларға

7. Дюрация бұл:

- a) жобалардың толық өтелу кезеңі
- b) таргеттеу түрі
- c) акша қаражаттарының инвестициялық жобаларға байланысты түсуінің орташа мерзімі
- d) табыстар құбылмалдылығы
- e) тізбектеп қою әдісі

8. Субъектінің басқа субъектілердің бағалы қағаздарына инвестициялары (бір жылдан аспайтын мерзімге), мемлекеттік және қаржылық қарыздардың пайыздық облигациялары, сонымен қатар, басқа субъектілерге берілген қарыздар:

- a) акша қаражаттары;
- b) акша қорлары
- c) ұзақ мерзімді қаржылық салымдар
- d) қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
- e) дебиторлық берешек

9. Инвестициялар бұл:

- a) экономиканы дамыту бойынша шығындарды қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуі
- b) негізгі капиталға салынған акша қаражаттары, қаржылық және материалдық емес активтер
- c) қайта жаңғырту үдерістерін акша қаражаттарымен қамтамасыз
- d) ұйымдардың, фирмалардың немесе халықтың қаржы ресурстары
- e) қаржылық басқару, қоғамның шаруашылық үдерісінде экономикалық заңдарды қолдану құралы

10. Кәсіпорынның инвестициялық саясаты:

- f) экономиканы дамыту бойынша шығындарды қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуі
- g) кәсіпорынның экономикалық әлеуетін дамыту мақсатындағы кәсіпорынның қаржылық стратегиясының бөлігі
- h) қайта жаңғырту үдерістерін ақша қаражаттарымен қамтамасыз ету; бөлу және бақылау
- i) негізгі капиталға салынған ақша қаражаттары, қаржылық және материалдық емес активтер
- j) маркетингтік қызметтің мәні

11. Шынайы инвестициялар:

- a) капиталды негізгі құралдарды және кәсіпорынның негізгі қызметін жүзеге асырумен байланысты инвестициялау объектілерін қайта жаңғыртуға салу
- b) капиталды тиімді салуды қамтамасыз ету және қаржылық инвестициялық табыс үдерісін ұйымдастыру
- c) тауарлық емес өндіріс үдерістерін ақша қаражаттарымен қамтамасыз ету
- d) негізгі капиталға салынған ақша қаражаттары, қаржылық және материалдық емес активтер
- e) экономиканы дамыту бойынша шығындарды қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету

12. Инвестицияларды басқару:

- a) капиталды негізгі құралдарды және кәсіпорынның негізгі қызметін жүзеге асырумен байланысты инвестициялау объектілерін қайта жаңғыртуға салу
- b) капиталды тиімді салуды қамтамасыз ету және қаржылық инвестициялық табыс үдерісін ұйымдастыру
- c) тауарлық емес өндіріс үдерістерін ақша қаражаттарымен қамтамасыз ету
- d) негізгі капиталға салынған ақша қаражаттары, қаржылық және материалдық емес активтер
- e) экономиканы дамыту бойынша шығындарды қажетті қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету

13. Инвестициялау коэффициенті көрсетеді:

- a) негізгі құралдарды сатып алу үшін меншік капиталын қолдану
- b) меншікті капиталдынавансты капиталдың жалпы сомасында алатын үлесін
- c) басқа фирмалардың активтеріне қаражатты салу тиімділігін
- d) меншік капиталының қандай бөлігі жылжымайтын мүлікте бекітілмегенлігін
- e) шикізат пен материалдарды сатып алу үшін меншік айналым капиталын қолдану

14. Инвестициялау мақсаттары:

- a) кәсіпорын капиталын арттыру;
- b) пайда нормасын арттыру
- c) қызмет нарығын қанықтыру
- d) жаңа тауар нарықтары мен қызметтер нарықтарына шығу
- e) қызметтің басқа түрлерін меңгеру (өндірісті диверсификациялау)

15. Мақсаты негізгі қорларды құру, қолданыстағы объектілерді қайта құрылымдау, жаңғырту және жөндеу болып табылатын өндіріс саласы:

- a) автокөлік
- b) қоғамдық тамақтану
- c) сауда
- d) туристік қызмет
- e) құрылыс

16. Инновациялық қызмет бұл:

- a) технологиялық үдерістерге ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізуге бағытталған қызмет, ішкі немесе сыртқы ресурстарда өткізілетін жана немесе жетілдірілген тауарлар, қызметтер
- b) бюджеттік шығындарды қаржыландыру формасы
- c) заңды және жеке тұлғалардың ақша қаражаттарын тартумен және қолданумен байланысты қызмет
- d) несиелік ұйымдардың қызметін бақылау және қадағалау шаралары

е) бюджеттік шығындарды қайта қаржыландыру нысаны (формасы)

17. «Инвестициялық қызмет туралы» Заңға сәйкес инвестиция түсінігі:

а) қандай да бір қызметті жүзеге асыру үшін әр түрлі нысандарда ақша қарадаттарын қайтарымсыз және өтеусіз беру

б) заңды тұлғаның интеллектуалдық меншігін интеллектуалды қызмет нәтижелеріне мойындау

с) мемлекеттік орган берген мемлекеттік стандарттарын өнеркәсіптік міндетті талабымен берілетін сәйкестік сертификаты

д) пайда алу немесе өзге де пайдалы әсерге қол жеткізу мақсатында кәсіпкерлік объектілеріне және қызметтің өзге де түрлеріне салынатын, ақшалай бағаланатын, айналымнан алынбаған материалдық және материалдық емес игіліктер

е) пайда алу немесе өзге де пайдалы әсерге қол жеткізу мақсатында кәсіпкерлік объектілеріне және қызметтің өзге де түрлеріне салынатын, ақшалай бағаланатын, айналымнан алынған материалдық және материалдық емес игіліктер

18. Инвесторлар инвестициялық жобаны жүзеге асыруға уәкілеттілік берген инвестициялық қызмет субъектілері:

а) тапсырыс берушілер

б) пайдаланушылар

с) субинвесторлар

д) орындаушылар

е) мердігерлер

19. Сату-сатып алу пәні ретінде ақша мен бағалы қағаздар болатын коммерциялық кәсіпкерліктің ерекше формасы (нысаны).

а) сақтандыру кәсіпкерлігі

б) қаржылық кәсіпкерлік

с) коммерциялық кәсіпкерлік

д) өндірістік кәсіпкерлік

е) делдалдық кәсіпкерлік

6. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен шаруашылық қызметін кешенді бағалау әдістері

Кешенді бағалау кәсіпорын немесе кәсіпорындар тобының экономика жағдайы туралы жинақталған пайымын білдіреді. Кешенді бағалау әдісі салыстыру базасынан немесе бір-біріне қатысты сандық және сапалық айырмашылықтарды анықтау мақсатында көрсеткіштер жүйесін қолдануда көрінеді.

Кешенді бағалаудың артықшылығы – әр түрлі салалар мен қызмет салаларына жататын, әр түрлі ұйымдастырушылық-құқықтық формалар мен меншік формаларындағы кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелерін талдау мен салыстыру мүмкіндігі.



Есеп 6.1

53-кестедегі деректер негізінде сомалар әдісі бойынша кәсіпорын қызметінің нәтижелерін бағалаңыз. Кешенді бағалау нәтижелерін негіздеу және кестедегі рейтинг жолына жазу керек.

52-кесте

№	Көрсеткіштер	Кәсіпорын №				
		1	2	3	4	5
1	Автономия коэффициенті	0,55	0,53	0,48	0,33	0,61
2	Абсолютті өтімділік коэффициенті	0,06	0,08	0,12	0,13	0,07
3	Тез өтімділік коэффициенті	0,48	0,51	0,56	0,37	0,77
4	Ағымдағы өтімділік коэффициенті	1,03	1,12	1,07	0,95	1,28
5	Маневрлік коэффициенті	0,12	0,11	0,27	0,07	0,13
6	Өнім рентабельділігі	0,15	0,16	0,18	0,14	0,13
7	Капитал рентабельділігі	0,12	0,11	0,07	0,13	0,18
	Бағалау нәтижесі					
	Рейтинг					

 **Есеп 6.2**

Бастапқы деректер матрицасы бойынша (53-кесте) арақашықтықтар әдісімен талданатын кәсіпорындардың рейтингін анықтаңыз.

1. «Кәсіпорын – эталон» мәндерін қолдана отырып, стандартталған коэффициенттердің жаңа матрицасын жасау қажет. Нәтижелерді 54-кестеге жазыңыз.

2. Көрсеткіштен – эталоннан бағаланатын объектілер көрсеткіштерінің нақты мәндеріне дейінгі арақашықтықты анықтаңыз. Есептеулер нәтижелерін 55-кестеге жазыңыз.

53-кесте. Бастапқы деректер матрицасы

№	Көрсеткіштер	Кәсіпорын №				
		1	2	3	4	5
1	Автономия коэффициенті	0,55	0,53	0,48	0,33	0,61
2	Абсолютті өтімділік коэффициенті	0,06	0,08	0,12	0,13	0,07
3	Тез өтімділік коэффициенті	0,48	0,51	0,56	0,37	0,77
4	Ағымдағы өтімділік коэффициенті	1,03	1,12	1,07	0,95	1,28
5	Маневрлік коэффициенті	0,12	0,11	0,27	0,07	0,13
6	Өнім рентабельділігі	0,15	0,16	0,18	0,14	0,13
7	Капитал рентабельділігі	0,12	0,11	0,07	0,13	0,18

54-кесте. Стандартталған коэффициенттер матрицасы

№	Көрсеткіштер	Кәсіпорын №				
		1	2	3	4	5
1	Автономия коэффициенті					
2	Абсолютті өтімділік коэффициенті					
3	Тез өтімділік коэффициенті					
4	Ағымдағы өтімділік коэффициенті					
5	Маневрлік коэффициенті					
6	Өнім рентабельділігі					
7	Капитал рентабельділігі					

55-кесте. Арақашықтықтар матрицасы және зерттелінетін кәсіпорындарды рейтингтік бағалау

№	Көрсеткіштер	Кәсіпорын №				
		1	2	3	4	5
1	Автономия коэффициенті					
2	Абсолютті өтімділік коэффициенті					
3	Тез өтімділік коэффициенті					
4	Ағымдағы өтімділік коэффициенті					
5	Маневрлік коэффициенті					
6	Өнім рентабельділігі					
7	Капитал рентабельділігі					
	Сумма квадраты					
	Бағалау нәтижесі					
	Рейтинг					

Есеп 6.3

53-кестенің көрсеткіштері негізінде балдар әдісін қолдана отырып, кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіне кешенді баға беріңіз. Талдау нәтижелерін 56-кестеге жазыңыз. Есептегі көрсеткіштер бес балдыө шкала бойынша (яғни, талданатын кәсіпорындар саны бойынша) бағаланады.

56-кесте

№	Көрсеткіштер	Кәсіпорын №				
		1	2	3	4	5
1	Автономия коэффициенті					
2	Абсолютті өтімділік коэффициенті					
3	Тез өтімділік коэффициенті					
4	Ағымдағы өтімділік коэффициенті					
5	Маневрлік коэффициенті					
6	Өнім рентабельділігі					
7	Капитал рентабельділігі					
	Бағалау нәтижесі					
	Рейтинг					



Есеп 6.4

1. 57-кестедегі деректер негізінде есептеп шығарыңыз:

- өтімділік коэффициенттері
- айналымдылық коэффициенттері
- капитал құрылымы көрсеткіштері
- өнім мен капитал рентабельділігі коэффициенттері

2. Кестеге жетіспейтін деректерді енгізіңіз. Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша негізделген қорытынды жасаңыз.

57-кесте

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	Сомасы
1	Өткізуден түскен түсім	мың тг	50000
2	Өндіріс рентабельділігі	%	20
3	Акционерлік капитал	мың тг	60000
4	Бөлінбеген пайда	мың тг	10000
5	Жеткізушілер алдындағы берешек	мың тг	30000
6	Қысқа мерзімді несиелер бойынша берешек	мың тг	40000
7	Кәсіпорынның шоттарындағы ақша қаражаттары	мың тг	10000
8	Дебиторлық берешек	мың тг	20000
9	Қорлар	мың тг	40000
10	Негізгі өндірістік қорлар	мың тг	70000



Есеп 6.5

Анықтаңыз: өтімділік коэффициенттері, капитал құрылымының көрсеткіштері, айналымдылық және сату рентабельділік көрсеткіштері. Капитал рентабельділігінің 30%-ды құрайтындығы, өткізуден түскен түсім мөлшері – 3600 мың тг, сонымен қатар, есептерді шешу үшін агрегатталған теңгерімнің келесідей деректері берілген:

- НҚ құны - 6000 мың тг;
- ақша қаражаттары – 500 мың тг.;
- дебиторлық берешек - 1500 мың тг;

- қорлар - 4000 тыс. тг;
- қысқа мерзімді несиелер -3200 мың тг;
- қысқа мерзімді кредиторлық берешек - 6800 мың тг;
- меншікті капитал - 2000 мың тг .

Есеп 6.6

1. 58-кестеде келтірілген ақпараттың негізінде нәтижелілік көрсеткіштің үш факторлы мультипликациялық үлгісін жасаңыз, жетіспейтін деректерді есептеп шығарыңыз және кестеге жазыңыз.

2. Индексті әдіспен факторлардың ықпалын есептеп шығарыңыз.
3. Қорытынды жасаңыз және ұсыныстар беріңіз.

58-кесте

№ р/с	Көрсеткіш	Базисті жыл	Есепті жыл
1	Тауарларды сатудан түскен түсім, мың тг	62000	42000
2	Сатудан түскен пайда, мың тг	9956	8700
3	Сату рентабельділігі, %		

Есеп 6.7

1. 59-кестеде келтірілген ақпараттың негізінде нәтижелілік көрсеткіштің үш факторлы мультипликациялық үлгісін жасаңыз, жетіспейтін деректерді есептеп шығарыңыз және кестеге жазыңыз.

2. Индексті әдіспен факторлардың ықпалын есептеп шығарыңыз.
3. Қорытынды жасаңыз және ұсыныстар беріңіз.

59-кесте

№ р/с	Көрсеткіш	Базисті жыл	Есепті жыл
1	Түсім, мың тг	87400	92600
2	Негізгі өнеркәсіптік-өндірістік қорлардың орташа жылдық құны, мың тг (НӨК)	9300	9780
3	Негізгі өндірістік қорлардың активтік бөлігінің меншікті үлесі, мың тг	0,58	0,54
4	Қорлардың активтік бөлігінің қор қайтарымы		

Есеп 6.8

1. 60-кестеде келтірілген ақпарат негізінде салыстырмалы айырмашылықтар тәсілімен нәтижелік көрсеткіштің өзгеруіне факторлық талдау жасаңыз.

2. Кестеде жетіспейтін көрсеткіштерді есептеп шығарыңыз және толтырыңыз.

3. Қорытынды жасаңыз және ұсыныстар беріңіз.

60-кесте

№	Көрсеткіш	Базисті жыл	Есепті жыл	Ауытқулар (+, -)	
				абсолютті	салыстырмалы
1	Сағудан түскен түсім, млн.тг	108	122,2		
2	Бір жылда бір жұмысшы жұмыс жасаған орташа күндер саны	223	231		
3	Бір күндегі бір жұмысшы жұмыс жасаған орташа сағаттар саны	7,2	7		
4	Орташа тізімдік саны, адам	590	579		
5	Бір жұмысшының орташа сағаттық өндірісі, тг				

Есеп 6.9

61-кестенің көрсеткіштерін қолдана отырып, ұйымның мүлкін қалыптастыру көздерінің құрамын, құрылымын және көздер динамикасын бағалаңыз.

61-кесте

№	Тенгерім пассиві	Кезен басына		Кезен соңына	
		Сомасы, мың тг.	Меншікті үлес, %	Сомасы, мың тг.	Меншікті үлес, %
1	III. Қысқа мерзімді міндеттемелер, барлығы	2470		48190	
	соның ішінде:	2470		48190	

2	Қарыз қаражаттары	1560		18070	
3	Кредиторлық берешек	910		28930	
4	Болашақ кезеңдер табыстары	-		870	
5	Алдағы шығындар резервтері	-		320	
6	IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер	-		25000	
7	V. Капитал мен резервтер, барлығы	30570		52410	
	сонын ішінде:	30570		52410	
8	Жарғылық капитал	30030		30030	
9	Қосымша капитал	-		2020	
10	Резервті капитал	540		13240	
11	Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	-		7120	
12	Мүлікті қалыптастыру көздері, барлығы	33040	100	125600	100

Есеп 6.10

Фирма жыл сайын 200 мың тг қарыз капиталы бойынша пайыз түрінде төлейді. Өткізуден түскен түсім 20 млн тг-ге тең, пайдаға салынатын салық қойылымы - 20 %, сату рентабельділігі 6%-ға тең. Компанияның меншікті капиталының табыстылығы 12%-ғатең, ал, пассивтердегі қарыз қаражаттарының үлесі 40%-ды құрайды. Активтердің табыстылығын бағалаңыз.

Есептің шарттары және 62-63-кестелерінің деректері негізінде:

1. Кестенің жетіспейтін деректерін толтыру
2. Өтімділік коэффициентін есептеп шығарыңыз және бағалаңыз
3. Активтерді басқару (айналым) коэффициенттерін есептеңіз
4. Қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін есептеңіз.
5. Рентабельділік коэффициенттерін есептеңіз.
6. Фирманың қаржылық жағдайы туралы қорытынды жасаңыз

62-кесте

Көрсеткіштер	Сумма (мың тг)
Қысқа мерзімді активтер соның ішінде:	45231
Ақша қаражаттары	8398
Дебиторлық берешек	14033
Қорлар	22800
Ұзақ мерзімді активтер	414524
Барлық активтер:	
Қысқа мерзімді міндеттемелер	41833
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	0
Меншікті капитал	417922
Барлық пассивтер:	

63-кесте

Көрсеткіштер	Сумма (мың тг)
Өткізуден түскен түсім	153440
Өткізілген өнімнің өзіндік құны	114262
Операциялық пайда	
Пайдаға салынатын салық (20%)	
Таза пайда	

Қорытынды есеп

64-кесте

Көрсеткіштер	2016 (мың тг)	2017 (мың тг)
I Қысқа мерзімді активтер		
Ақша қаражаттар	742	618
Қысқа мерзімді қаржылық салымдар	110	147
Дебиторлық берешек(есепті күннен кейін 12 ай ішінде төлемдер күтіледі)	6217	11704
Қорлар	4355	27951
II Ұзақ мерзімді активтер		
Негізгі құралдар	70541	68195
Аяқталмаған құрылыс	2712	2194
Материалдық емес активтер	57	99
Ұзақ мерзімді қаржылық салымдар	1352	1352
Барлық активтер	86835	113643
III Қысқа мерзімді міндеттемелер		
Кредиторлық берешек	8247	22889
есепті күннен кейін 12 ай ішінде төленуге жататын қарыз бен несиелер	600	15620
IV Ұзақ мерзімді міндеттемелер	0	0
V Капитал мен резервтер		
Жарғылық капитал	75066	75066
Қосымша капитал	1255	165
Резервтік капитал	5	5
Әлеуметтік сала қоры	1647	0
Есепті жылдағы бөлінбеген пайда	0	0
Барлық пассивтер	86835	113643
Өнімді, қызметті өткізуден түскен түсім	11869	15281
Таза пайда	2952	4162

1. 64-кестенің негізінде:
 - көлденең және тігінен талдау
 - өтімділік пен төлем қабілеттілігін талдау
2. Қаржылық тұрақтылықтың типін анықтау
3. Есептеу:

- меншік капиталының және жалпы кәсіпорынның рентабельділік коэффициенттері
- маневрлік коэффициенті
- активтердің жалпы айналымдылық коэффициенті
- қорлардың айналымдылық коэффициенті
- қарыз және меншік қаражаттарының арақатынасы коэффициенті
- қор қайтарымы
- кәсіпорынның несие қабілеттілігі индексі

4. Қорытындылар жасау және дағдарысқа қарсы ұсыныстар жасау.



6-бөлімнің тесттері

1. Операцияны жасаған кезде кәсіпорын еш тәуекелге бармайды, ешқандай шығындар туындамайды, кәсіпорын кем дегенде есептік табыс алады.

- a) жоғары тәуекел облысы
- b) сыни тәуекел облысы
- c) төменгі тәуекел облысы
- d) жол берілмейтін тәуекел облысы
- e) тәуекелсіз облыс

2. Негізгі өндірістік қорларды қолдану тиімділігінің артуын білуге болады:

- a) негізгі құралдардың жарамдылық коэффициентінің артуы
- b) өндірістік сипаттағы мүлік коэффициентінің артуы
- c) өткізілген өнімнің қор сыйымдылығының артуы
- d) негізгі құралдардың шынайы құны коэффициентінің артуы
- e) қор қайтарымының артуы

3. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі тәуелді:

- a) айналым құралдарын қолдану тиімділігі
- b) кәсіпорынның меншікті капиталы, теңгерім өтімділігі, айналым құралдарын қолдану тиімділігі
- c) кәсіпорынның активтер құрамының өзгеруі
- d) кәсіпорынның негізгі қорларын қолдану тиімділігі

е) тенгерім (баланс) өтімділігі

4. Кәсіпорын қызметінің тиімділігін бағалау келесі көрсеткіштермен өлшенеді:

а) қаржылық тәуелділік коэффициенті, меншікті капиталдың меншікті үлесі

б) кәсіпорын қорларының айналымдылығы

с) абсолютті өтімділік коэффициенті, ағымдағы өтімділік коэффициенті

д) айналымдылық коэффициенті, айналым құралдарын бекіту коэффициенті.

е) сауда рентабельділігі, меншікті капитал рентабельділігі

5. Өндірілген өнім санының осы өнімді өндіруге кеткен жұмыс уақытының шығындарына қатынасы ... білдіреді.

а) еңбек сыйымдылығы

б) пайда

с) өзіндік құн

д) өндірім

е) шығындар

6. Банкроттықтың негізгі белгісі:

а) кәсіпорынның төлемдер мерзімдері басталған күннен бастап 15 күн ішінде кредиторлардың талаптарын орындауды қамтамасыз ете алмауы

б) кәсіпорынның төлемдер мерзімдері басталған күннен бастап 3 ай ішінде кредиторлардың талаптарын орындауды қамтамасыз ете алмауы

с) кәсіпорынның төлемдер мерзімдері басталған күннен бастап 6 ай ішінде кредиторлардың талаптарын орындауды қамтамасыз ете алмауы

д) кәсіпорынның төлемдер мерзімдері басталған күннен бастап 12 ай ішінде кредиторлардың талаптарын орындауды қамтамасыз ете алмауы

е) кәсіпорынның төлемдер мерзімдері басталған күннен бастап 1 ай ішінде кредиторлардың талаптарын орындауды қамтамасыз ете алмауы

7. Негізгі капиталдың айналым коэффициенті келесілердің қатынасы ретінде анықталады

a) өнімді өткізуден түскен табыстың негізгі капиталдың орташа жылдық сомасына

b) жыл соңындағы негізгі капиталдың өнімді өткізуден түскен табысқа

c) өнімді өткізуден түскен табыстың негізгі капиталға

d) өнімді өткізуден түскен табыстың жыл соңындағы негізгі капитал сомасына

e) негізгі капиталдың орташа жылдық сомасының өнімді өткізуден түскен табыс сомасына қатынасы

8. Болжанбаған жоғалтуларды (залалдарды) жабу үшін, сонымен қатар, негізгі табыс құралдары жетіспеген кезде инвесторларға табыстарды төлеу үшін құрылатын капитал:

a) қосымша төленген капитал

b) бөлінбеген табыс

c) резервті капитал

d) қосымша немесе төленген капитал

e) жабылмаған залал

9. Еңбек шығындарының тиімділігін, нәтижелілігін не сипаттайды және өнім санымен немесе орындалған жұмыстармен анықталады:

a) өнімнің еңбек сыйымдылығы

b) өндірім

c) еңбек өнімділігі

d) шығын нормасы

e) уақыт нормасы

10. Белгілі бір кезеңде өнімді өндіру мен өткізу үшін қолданылатын заттық және қаржылық ресурстардың көлемін ақшалай тұрғыда не сипаттайды:

a) Шығындар (затраты)

b) рентабельділік

c) пайда

d) амортизация

е) шығындар (издержки)

11. Негізгі және негізгі емес қызметтен түскен табыстар:

а) тауар өткізуден түскен табыс

б) қызмет көрсетуден түскен табыс

с) салық салғаннан кейінгі карапайым қызметтен түскен табыс

д) салық салғанға дейінгі карапайым қызметтен түскен табыс

е) жиынтық табыс

12. Кәсіпорынның іскерлік белсенділік көрсеткіштері -...

а) Жанару коэффициенттері

б) Шығып қалу коэффициенттері

с) Айналым коэффициенттері

д) Жарамдылық коэффициенттері

е) Ауысым коэффициенттері

13. Санация – бұл:

а) Қаржылық сауықтыру

б) бейбіт келісім

с) конкурстық өндіріс

д) сыртқы басқару

е) медициналық процедура

14. Кәсіпорын қызметінің тиімділігі ... өлшенеді.

а) есепті кезеңнің нақты деректерін алдыңғы кезеңнің нақты деректерімен салыстыру арқылы

б) айнымалы шығындарды тұрақты шығындармен салыстыру арқылы

с) ресурстарды экономикалық әсермен салыстыру арқылы

д) өндірістің нақты нәтижелерін жоспарлы нәтижелерімен салыстыру арқылы

е) өндіріс нәтижелерін (әсерін) шығындармен және колданылатын ресурстармен салыстыру арқылы

15. Бірнеше кәсіпорынның көрсеткіштері салыстыра тексерілетін салыстыру типі:

а) көп шамалы

- b) бір шамалы
- c) трендті
- d) көлденеңнен
- e) тігінен

16. Кәсіпорынның қаржылық резервінің арналымы:

- a) өнімді өткізу үдерісінде болжанбаған шығындарды өтеу
- b) өнертабыс үшін сыйақымен байланысты төлемдерді қамтамасыз ету
- c) бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша төлемдер
- d) кәсіпорын мүлкінің толық немесе ішінара түрдегі қозғалысы
- e) қызметкердің еңбекақысына кететін шығындар

17. Ең жоғары табысқа қол жеткізу мақсатында кәсіпорынның қаржыларын басқару жүйесі – бұл:

- a) кәсіпорынның қаржы ресурстары
- b) қаржылық есеп
- c) қаржылық әдіс
- d) қаржы құралы
- e) кәсіпорынның қаржы механизмі

18. Кәсіпорынды қаржылық талдау

- a) кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштерді зерттеу және кәсіпорынның болашақта дамуы үшін оны бағалау
- b) қайта жаңғырту үдерістерін ақша қаражаттарымен қамтамасыз ету
- c) шынайы ақша айналымында туындайтын экономикалық қатынастар жиынтығы
- d) шаруашылық үдерісі барысында қоғамның экономикалық заңдарды қолдануының негізгі құралы, қаржылық басқару
- e) қаржы қатынастарының өзара байланысты кешенін басқару

19. Кәсіпорынды қаржыландыру

- a) экономиканы дамыту бойынша шығындардың қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуіне

b) негізгі капиталға салынған ақша қаражаттары, қаржы және материалдық емес активтер

c) қайта жаңғырту үдерістерін ақша қаражаттарымен қамтамасыз ету

d) ұйымдардың, фирмалардың немесе халықтың қаржы ресурстары

e) шаруашылық үдерісі барысында қоғамның экономикалық заңдарды қолдануының негізгі құралы, қаржылық басқару

20. Меншік капиталының рентабельділігі екі факторға тәуелді:

a) қор қайтарымы мен қор сыйымдылығына

b) өнімнің өзіндік құны мен сату бағасына

c) инфляция индексі мен несие қабілеттілігі индексіне

d) сату рентабельділігінің өзгеруі мен меншік салымдарының айналымдылығына

e) негізгі қорлардың жаңаруы мен шығып калуына

Әдебиет

1. Басовский Л.Е. Экономический анализ. Комплексный экономический анализ хозяйственной деятельности: Учебное пособие.-Инфра-М, 2015
2. Финансовый анализ: учеб. пособие / Л.М. Куприянова. — М.: ИНФРА-М, 2019.— 157 с. + Доп. материалы [Электронный ресурс; Режим доступа <http://www.znaniium.com>]. — (Высшее образование: Бакалавриат).
3. Баканов, М.И. Теория экономического анализа / М.И. Баканов, А.Д. Шеремет. - М.: Финансы и статистика, 2016. - 416 с
4. Войтоловский, Н. В. Комплексный экономический анализ предприятия / Н.В. Войтоловский. - М.: Книга по Требованию, 2017. - 576 с.
5. Когденко, В. Г. Методология и методика экономического анализа / В.Г. Когденко. - М.: Юнити-Дана, 2016. - 544 с.
6. Шуремов, Е. Л. Модели и методы решения типовых задач экономического анализа / Е.Л. Шуремов, А.Ю. Заложнев, Д.В. Чистов. - М.: Бухгалтерия и Банки, 2016. - 152 с.
7. Кукушкин, С. Н. Финансово-экономический анализ / С.Н. Кукушкин. - М.: А-Приор, 2017. - 192 с.
8. Мельник, М.В. Экономический анализ в аудите: учеб. пособие / В.Г. Когденко, М.В. Мельник.— М. : ЮНИТИ-ДАНА, 2015 .— 544 с
9. Романовский, М.В. Финансы и кредит. В 2 т.: Учебник для академического бакалавриата / М.В. Романовский, Г.Н. Белоглазова. - Люберцы: Юрайт, 2015. - 627 с.
10. Молибог, Т. А. Комплексный экономический анализ финансово-хозяйственной деятельности организации / Т.А. Молибог, Ю.А. Молибог. - М.: Владос, 2015. - 384 с.
11. www.library.atu.kz

Тест жауаптары

1-бөлім	2-бөлім	3-бөлім	4-бөлім	5-бөлім	6-бөлім
1-e	1- d	1-e	1-c	1-c	1-e
2-a,d	2-a	2-в	2-e	2-e	2-с
3-b,e	3- b, c	3-a	3-e	3-a, e	3- b
4-d	4-a, e	4-e	4- d	4- b	4-e
5-с	5-с	5-с	5-b	5-a	5-a
6-b	6- b, c	6- d	6-a, c, e	6- b, c, d	6- b
7-a	7- b, d	7-с	7-a	7-с	7-a
8-b	8 - a, c, e	8 -e	8- d	8 -d	8 -c
9-b, d	9 - a	9 -a	9-b,c	9 - b	9 - b
10-d	10 - e	10 - c	10 -a,d,e	10 - b	10 - c
11 - c	11 - b, c, e	11 - a	11 - c,d,e	11 - a	11 - d
12-a,d	12 - c, e	12 - a	12 - a,e	12 - b	12 - c
13 - b, c	13 - a	13 - e	13 - b, c	13 - a	13 - a
14 - a, c,d,e	14 - c	14 - a, c, d	14 - b, c, d	14 - a, b,d,e	14 - e
15 - c	15 - d	15 - в	15 - a,e	15 - e	15 - a
16 - a	16 - a	16 - a	16 - a	16 - a	16 - a
17 - a,c,e	17 - b	17 - a		17 - d	17 - e
18 - b	18 - a, b, c	18 - e		18 - a	18 - a
19 - d	19 - c, d, e	19 - c		19 - b	19 - c
	20 - e	20 - c;21 - d			20 - d

Бахыт Е.Б, Несіпбеков Е.Н.,

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ: Есептер жинағы

Пішімі 60x80/16. Қағазы офсеттік.

Баспа табағы 5,625 Көлемі 90 бет.

Таралымы 500 дана.

«Medet Group» ЖШС, 100017

ҚР, Қарағанды қаласы, Мұстафин к-сі 5/1

